

Қазақ ұлтшылдығы феномені қазіргі саясат контекстінде: теріске шығарудан ұғынуға дейін ¹

Мазмұны

Кіріспе

1. Қазақ ұлтшылдығы саяси идеология ретінде

- 1.1 Қазақ ұлтшылдығының қайнар көзі
- 1.2 Қазақ ұлтшылдығының қазіргі сипаттамасы

2. Қазақ ұлтшылдығы және қоғамдық саясат (public policy) саласы

- 2.1 Қазақстандағы Nation-building: ұлттың берік іргетасын қалай орнатуға болады?
- 2.2 Қазақтар мен басқа этностар: өзара келісімді сақтау мәселесі
- 2.3 Ұлтшылдық және қоғамдағы протесттік мобилизация

3. Қазақ ұлтшылдығы факторын қоғамдық саясатта қалай ескеруге болады: ықтималды баламалар

Қорытындылар мен ұсынымдар

¹ Зерттеу 2014 жылы Сорос-Қазақстан Қорының «Қоғамдық саясат» бастамасының аясында өткізілді. Автор Қордың қазақстандық жас зерттеушілері үшін өткізетін үйрету семинарларының қатысушысы болып табылады.

Кіріспе

Қазақ ұлтшылдығы феноменін бір жақты қарастыру мүмкін емес. 80-ші жылдардың соңында саяси-идеологиялық құбылыс ретінде қайта жаңғырып, қазақ зиялылары арасында кең таралғанына қарамастан, ұлтшылдық Қазақстанның мемлекеттік тәуелсіздігін алуын айқындаған фактор бола алған жоқ. Дегенмен, бұл оның Қазақстанның мемлекет болып қалыптасуында атқарған рөлінің маңыздылығын төмендетпейді. Тәуелсіздіктің алғашқы күндерінен бастап елдің саяси басшылығы өз билігін заңды деп таныту үшін, сонымен қатар әлем картасында жаңа елдің символдық шекараларын белгілеу үшін қазақ ұлтшылдығының нышандарын (мәдениет, тарих, тіл) пайдаланған болатын. Қазақтардың ерекше рөлін мойындау – тәуелсіздік алған сәттен бастап Қазақстанда жүргізілетін этнобағытты саясаттың аса көрнекі мысалдарының бірі болып табылады².

Осылайша, қазақ ұлтшылдығы өз тарихи міндетін іске асырып, өз мобилизациялық қарымын тәмамдағандай болған еді. Бірақ бүгінгі күні қазақ ұлтшылдығының елдегі ресми бағытқа қарсы балама жоба ретінде рәсімделе бастады. Қазақ қоғамындағы белсенді топтарының ықпалымен ұлтшылдық ішкі саясатты айқындаушы факторлардың бірі бола бастады. Ішкі, сонымен қатар сыртқы жағдайлардың есебінен ұлттық дискурстың кеңеюі орын алуда. Нәтижесінде елдегі қоғамдық-саяси кеңістік өзгере бастады: әлеуметтік және саяси өмірдің күн тәртібінде жаңа мәселелер пайда болуда, қоғамдық топтар белсене түсуде, ұлттық ұрандармен өтетін наразылық акцияларының саны артуда және қоғамда ұлтшылдық, тіл, сәйкестілік тақырыптарындағы пікірталастар күшеюде.

Елдің тұрақты дамуы тұрғысынан қарастырсақ, бұл үдеріс оң, сондай-ақ теріс аспектілерге ие. Оң әсері ретінде халық тарапынан өз тарихына, мәдениетіне және дәстүрлеріне деген қызығушылығының артуын, сонымен қатар идеологиялық сипаты бойынша өзін-өзі ұйымдастыруды жатқызуға болады, бұл азаматтық қоғамның қалыптасуы үшін маңызды алғышарт болып табылады. Жағымсыз үрдістер ретінде этникалық ксенофобияның күшеюін және қоғамның қазақ бөлігінің арасында кекшілдік көңіл-күйлерінің бой көрсетуін атауға болады, ол елде этникаралық қақтығыстар үшін негіз болуы мүмкін.

Дегенмен, осы жағдайда қазақ ұлтшылдығының күшею үдерісі емес, идеологиялық және саяси даму саласында мемлекеттік саясатты жоспарлау және іске асыру барысында осы фактордың жеткілікті деңгейде ескерілмеуі негізгі мәселе болып келеді. Қалыптасқан қатаң орталықтандырылған басқару жүйесі соңғы жылдары өзгеріске түскен әлеуметтік-саяси жағдайға бейімделу қабілетін жоғалтып, жиі-жиі консерватизм белгілерін көрсетуде. Билік саясатында ұлтшылдық қоғам тұрақтылығы үшін әлеуетті қауіп көзі ретінде қарастырылатын басшылық-әкімшілік ұстаным басым. Бұл ретте, ұлтшылдық идеологиясының ұлттың бірігуі мен қоғамның модернизациясы жолында маңызды механизм болуы мүмкін екендігі ескерілмейді.

Осы жұмыстың мақсаты қоғамдық саяси саланың әр түрлі аспектілеріне әсер ететін қазақ ұлтшылдығын саяси-идеологиялық құбылыс ретінде зерделеу болып табылады.

Негізгі зерттеу мәселелері:

- Қазақ ұлтшылдығы балама идеология ретінде қандай құбылыс болып келеді?
- Әлеуметтік және қоғамдық-саяси өмірдің қай салаларында қазақ ұлтшылдығы байқалады?

² 1991 жылы қабылданған «Мемлекеттік тәуелсіздік туралы» Конституциялық Заңда қазақ ұлтының өзін-өзі билеу құқығы жарияланған.

- Қазақ ұлтшылдығы факторын игілікке айналдыруға бола ма және бұл үшін қандай саясат жүргізілуі тиіс?

Зерттеудің эмпирикалық базасы бірінші кезектік, сонымен қатар екінші реттік ақпарат көздері болып табылады. Бірінші кезектік материалдарға жартылай құрылымдалған сарапшылар сұхбаттарының қорытындылары, сонымен қатар белгіленген тақырыпқа студенттердің шығармаларының сандық-сапалық талдамасының қорытындылары кіреді. (Зерттеу 2014 жылдың тамыз-ақпан айлары аралығында Алматы және Астана қалаларында өткізілді). Екінші реттік ақпарат - бұл қолжетімді басылымдар, статистикалық материалдар, сонымен қатар қарастырылатын тақырып бойынша ғылыми-зерттеу әдебиет.

Жұмыс үш негізгі тараудан тұрады. Бірінші тарауда қазақ ұлтшылдығы саяси-идеологиялық феномен ретінде қарастырылады. Бұл ретте, ұлтшылдықтың идеология ретінде қалыптасуына ықпал еткен негізгі және саяси факторларды көрсету үшін тарихқа шағын саяхат жасалған. Тарихи алғышарттар сипатталғаннан кейін Қазақстандағы ұлтшылдық идеяларының қазіргі заманғы жай-күйі талданады.

Екінші тарауда қазақ ұлтшылдығы ұлт құрылысы, этникаралық келісім мен қоғамдық-саяси қарым-қатынастар саласында билік саясатына әсер ететін фактор ретінде қарастырылады. Қазақ ұлтшылдығын баламалы идеология ретінде қалыптастыру контекстінде қазіргі заман саясатының негізгі мәселелері мен қауіп-қатерлері анықталады.

Үшінші тарау қазақ ұлтшылдығына қатысты қоғамдық саясат нұсқаларының талдамасына арналған. Белгіленген критерийлер негізінде бір сценарий аса орынды нұсқа ретінде ұсынылады.

1. Қазақ ұлтшылдығы саяси идеология ретінде

1.1 Қазақ ұлтшылдығының қайнар көзі

Қазақ ұлтшылдығы идеология ретінде қандай құбылыс болып табылады? Қандай тарихи жағдайлардың әсерінен ол дамыды? Шығармашылық және саяси қайраткерлердің қайсылары оның қалыптасуына ықпал етті?

Бұл баяндама барысында аталған сұрақтарға терең талдау жүргізілмейді, себебі ол үшін жеке зерттеу жүргізу қажет. Дегенмен, қазіргі заманғы қазақ ұлтшылдығының табиғатын белгілі бір деңгейде айқындаған және оның дамуы үшін негіз болған басты саяси-тарихи жағдайларды атап өту қажет.

Қазақ ұлтшылдығы идеяларының негізін салушылары қазақ ұлтының өзін-өзі билеу құқығы (автономдық мемлекет ретінде) туралы алғаш болып мәлімдеген 20 ғасырдың басындағы қазақ зиялылары - алашордалықтар болып табылады³. Кеңес уақытында қазақ сәйкестілігін нығайтуға қазақ жазушылары⁴ және жалпы шығармашылық зиялылар елеулі әсерін тигізді. Сондай-ақ «Азат» және «Желтоқсан» секілді қазақ ұлтшылдығының саяси идеология ретінде рәсімделуіне үлес қосқан кеңес дәуірінен кейінгі қоғамдық-саяси қозғалыстардың елеулі рөлін де атап өту қажет.

Әр тарихи кезеңдерде ұлтшылдық идеясы өз ерекшеліктеріне ие болды. Егер кеңес дәуіріне дейінгі кезеңде Ресей патша үкіметі тарапынан қазақтарға қатысты көрсетілген отарлау қысымының әсерінен (қоныс аударушылардың қазақ жерлерін заңсыз басып алуы) ол бірте-бірте дами түссе, кеңес дәуірінде ұлтшылдық әлеуметтік базасының қалыптасуы «қазақ-қазақ емес», «қала-ауыл» және «орталық-өңір» бағыты бойынша орын алған әлеуметтік-экономикалық қарама-қайшылықтардың арқасында мүмкін болды⁵.

Қазақ ұлтшылдығының мобилизациялық және қарсылық қарымы 1986 жылғы «желтоқсан оқиғалары» барысында айқын көрініс тапты. Өз сипаты бойынша ол орталық тарапынан қиянатқа қарсы бағытталған «периферия ұлтшылдығы» болды. Ұлтшылдық идеологиясы титулдық этнос құқықтарының кемсітілуі аса жоғары деңгейде байқалған мәселелерге қарсы бағытталды: қазақ тілін қолдану аясының тарылуы, қалада жастар өмірі үшін күрделі әлеуметтік-экономикалық жағдайлар және қоғамдық өмірдің барлық салаларының орыстандырылуы.

Қайта құру кезеңінде қалыптасқан күшті ұлттық дискурс біртіндеп тұтас КСРО кеңістігіндегі қоғамдық-саяси ахуалды өзгертті. Негізгі өзгерістер векторы биліктің орталықсыздандырылуы мен титулдық ұлттық топтардың мәртебесінің артуымен байланысты болды. Қазақстанда ұлттық-бағдарлы күштердің маңызды жетістігі «Қазақ ССР тілдер және тіл саясаты туралы» Заңының қабылдануы болды, себебі аталмыш құжатта қазақ тілінің мемлекеттік мәртебесі ресми түрде бекітілген болатын (1989 ж.).

Саясат қайраткерлерінің естеліктері бойынша, бұл Қазақстанда қоғамдық сана-сезімінің саясилану кезеңі болды: 1990 жылы 100-ден астам өздігінен әрекет ететін саясиландырылған құрылымдар жұмыс істеді, олар 1989-1990 жж. аралығында 90-нан астам саяси акцияларды – митингтерді, жиналыстарды, ереуілдерді өткізді. Газеттер мен журналдарға жазылу анағұрлым артты. Е.Ертысбаев «Азат» ұйымының аса ықпалды

³ Özgecan Kesici The Dilemma in the Nation-Building Process: The Kazakh or Kazakhstani Nation? Journal on Ethnopolitics and Minority Issues in Europe, Vol 10, No 1, 2011, 31-58.

⁴ Diana T. Kudaibergenova (2013) «Imagining community» in Soviet Kazakhstan. An historical analysis of narrative on nationalism in Kazakh-Soviet literature, Nationalities Papers: The Journal of Nationalism and Ethnicity, 41:5, 839-854.

⁵ Ж.Кыдырәлиева. Жаппай ұлтшылдық және КСРО ыдырауы: 1985-1991 (Қазақстан материалдарында) <http://www.dialog.kz/articles/obshchestvo/2008-06-17/zhanna-kydyralina-massovyuy-nacionalizm-i-raspad-sssr-1985-1991-gg-na>

ұлттық-демократиялық сипатты қозғалыстың болғанын атап өткен, түрлі деректер бойынша, оның жақтастарының саны осы кезеңде бірнеше мыңға жетті⁶.

Сонымен, Тәуелсіздіктің алғашқы кезеңінде Қазақстанның ұлтшылдық бағытындағы күштері қоғамдық ұйымдардан саяси партиялар (бірақ тіркелмеген партиялар) болып кеңейіп, елдің қоғамдық-саяси өміріне белсене араласты. Олардың ықпалы айтарлықтай артты, бұл республика Компартиясы басшылығының тарапынан елеулі абыржуды туғызды: *«өздігінен әрекет ететін қозғалыстарда этноцентристік элементтердің күшеюі орын алуда ... «Азат», «Желтоқсан», «Алаш» секілді осындай ұйымдар байырғы халықтың ұлттық сана-сезімінің дамуына негізделе отырып, Қазақстанның КСРО-дан бөліну міндетін қоятын ықпалды саяси күш атануға қауқарлы»* (ҚазССР Жоғарғы Кеңесі сессиясы стенографиясынан, 1990).

Алайда, орын алған алғышарттарға қарамастан, осы қозғалыстардың бір де біреуі елдегі саяси билікке нақты бәсекелес бола алмады – нәтижесінде олар саяси алаң шеңберінен шығып қалды (мысалы, «Алаш», «Желтоқсан») немесе республика басшылығымен ымыраға келді («Азат»).

Ұлтшыл партиялардың кеңес дәуірінен кейінгі кезеңде нақты саяси күшке айналмауының бірнеше себептері болуы мүмкін. Біріншіден, олар Коммунистік партия мен күштік құрылымдар тарапынан зор қарсылыққа тап болды. Екіншіден, республикада ұлттық мәселелердің саясиленуінің төмен деңгейі мен негізгі этно-мәдени топтар арасында айтарлықтай шиеленістің болмауы әсер етті. Үшіншіден, «Невада-Семей» қозғалысының пайда болуы арқасында халықтың энергиясы басқа арнаға – Семейдегі ядролық полигон мәселелерін шешуге бұрылып кетті. Бұл қозғалысқа сол уақытта аса танымалдылыққа ие болған ақын және қоғамдық қайраткер О.Сүлейменовтің жетекшілік етуі де өз әсерін тигізді. Сонымен қатар, республика басшысы Н.Назарбаевтың атқарған ролін де ескеру қажет, ол жеке және іскерлік қасиеттерінің арқасында қазақтілді халықтың қолдауына тез ие болған еді.

Қазақстанның Тәуелсіздігін алуы және одан кейін орын алған оқиғалар қазақ ұлтшылдығының дамуының жаңа кезеңін айқындады. Кеңес дәуірінен кейінгі кезеңде осы саладағы негізгі роль толық мемлекетке көшті. Қазақ этникалық қауымдастығын мемлекеттіліктің негізі ретінде жариялай отырып, елдегі билік жаңа идеологиялық іргетасты қалыптастырды. Мемлекет қолдауының арқасында, кеңес дәуірінен кейін қазақ зиялылары ұрандатқан идеялар жүзеге асырыла бастады. Қазақстан басқа да кеңес дәуірінен кейін пайда болған елдер секілді ұлттық мемлекетті құру жолын ұстанды.

Бұл тұрғыда, елдегі жаңа биліктің негізінен кеңестік номенклатурадан құралғанын атап өту керек. Ұлтшылдық оларды топтастырушы немесе олар үшін ұнамды идеология болған жоқ. Сәйкесінше, қазақ ұлтшылдығының идеяларын ел басшылығы тарапынан ескерілгенімен, жалпы қоғамдық және саяси жүйені қайта құрылымдауға бұл идеология негіздеме ретінде қолданылмаған болатын. Кейбір батыс зерттеушілері атап өткендей, Қазақстан билігі қазақ әлеуметінің талаптарына сәйкес саясат жүргізуге тырысты, бірақ саяси режим үшін полиэтникалық қоғамда этникаралық келісімді сақтау негізгі басымдылық болды.⁷

Жалпы алғанда, 90-шы жылдардың екінші жартысында елдегі ұлтшылдық дискурсының бәсеңдегенін атап өту қажет. Бұған ұлтшыл-демократиялық бағыт қозғалыстарының белсенділігінің төмендеуі ғана себеп болған жоқ. Кеңес одағы құлағаннан кейін басталған экономикалық дағдарыс жағдайында, күн тәртібіне жұмыссыздық, әлеуметтік

⁶ Е.Ертысбаев «Казахстан и Назарбаев: логика перемен» (Қазақстан және Назарбаев: өзгерістер логикасы) - Астана: Елорда, 2001. – 196 бет.

⁷ М.Олкотт. Казахстан: непройденный путь (Қазақстан: өтпеген жол) / Мәскеу. Карнеги орталығы. – М.: Гендальф, 2003.

камсыздандыру және халықтың жаңа нарықтық жағдайларға бейімделу мәселелері енді. Соның нәтижесінде, республикадағы бәсекелес саяси күштер әлеуметтік-экономикалық сипаттағы мәселелерді ұрандатуға көшті. Ал тіл, ұлттық сана-сезім, мәдениет мәселелері кейінгі шепке ысырылды.

Ұлтшылдық дискурсының әлсіреуіне ықпал еткен тағы бір маңызды фактор елдегі президенттік биліктің күшеюі болатын. Әлеуметтік сауалнамалар көрсеткендей, Назарбаевтың 2000-шы жылдардағы саяси бағыты халықтың басым көпшілігінің, соның ішінде қазақ және орыс қоғамының арасында қолдауын тапқан. Оның рейтингісінің жоғарылауына елде 2000-шы жылдардың басында басталған экономикалық өрлеу әсер етті. Назарбаевтың жалпыазаматтықты қалыптастыру риторикасы халықтың басым көпшілігі үшін біріктіруші фактор болды.

Осылайша, соңғы 100 жыл ішінде қазақ ұлтшылдығы күрделі саяси-тарихи және әлеуметтік-демографиялық жағдайларда біртіндеп дамыды. Әр кезең ұлтшылдық идеологиясының қалыптасуында өз ізін қалдырды. Дегенмен, қазақ ұлтшылдығының дамуын үздіксіз интеллектуалдық дәстүр ретінде елестету қиын. Тарихи себептерге байланысты, бұл дәстүр бірнеше мәрте үзілген болатын. Соған сәйкес, ұлтшылдық қозғалысы (жалпы мағынасында) жетекшілерінің арасындағы сабақтастық символикалық сипатқа ие.

1.2 Қазақ ұлтшылдығының қазіргі сипаттамасы

Бүгінгі күнгі қазақ ұлтшылдығы – ең алдымен, қазақ ұлтының мүддесін қорғауға және оның өрлеуіне бағытталған ұстанымдар, құндылықтар мен көзқарастардың жиынтығын қамтитын кең ауқымды қоғамдық дискурс⁸ болып табылады. Бұл тұрғыда «қазақ ұлты» ұғымының мәніне сипаттама беру негізгі маңызға ие. Қоғамдық кеңістікте айтылып жүрген пікірлерді қарастырсақ, біреулер оны азаматтық, басқалары – тек этно-мәдени мағынасында түсіндіреді.

Соңғы жылдардың маңызды үрдісі – бұл қазақ ұлтшылдығының өзінік ұрандары мен билікке деген талаптары қалыптасқан саяси-идеологиялық құрылым ретінде рәсімделуі болып табылады. Дегенмен, ұлтшылдардың саяси іргетасы бар деп айту әлі де ерте. Бұл орта әр түрлі топтардан, қозғалыстардан және идеологиялық көзқарастары үйлесе бермейтін жеке тұлғалардан тұрады.

Қазіргі уақытта қандай да бір қозғалысты ұлтшылдық бағыттағы ықпалды қоғамдық-саяси күш ретінде атап өту қиын. Тек қазақ дискурсын айқындаушы жекелеген тұлғаларды ғана айтуға болады. Мысалы, 2009 жылы Ел бірлігі доктринасына қарсы кампанияға басшылық еткен қоғамдық қайраткер М.Шаханов осындай тұлға атануға лайық. Сол кезеңде Шахановтың төңірегіне өздерін ұлтшылдық қозғалыстар ретінде танытатын барлық қоғамдық қозғалыстар топтасқан болатын. Ұлтшылдар арасында дәл осындай біріктіруші әлеуеті бар басқа көшбасшы әзірге жоқ. (Бұл жерде 2010 жылы «Стратегия» ӘСЗО ҚҚ өткізген жаппай сауалнама мәліметтерін келтіруге болады. Оның қорытындылары бойынша, М.Шахановтың танымалдылығы қазақстандық басқа саясаткерлермен салыстырғанда аса жоғары көрсеткіштерге ие: халықтың 1/3 бөлігі Шахановты білетін болып шықты, және сұралғандардың 68% оны ұнамды тұлға ретінде белгілеген еді.

⁸ Крэйг Калхун. Национализм (Ұлтшылдық) / А. Смирновтың аудармасы. М.: «Территория будущего» баспа үйі, 2006. («Университетская библиотека Александра Погорельского» сериясы) - 288 б. (29 б.)

Салыстыру үшін: Б.Абиловтың танымалдық деңгейі 35% болғанына қарамастан, респонденттердің тек 31% Б.Абиловты ұнамды тұлға деп атаған еді⁹).

Дегенмен, ұлтшылдық қозғалыстарының қоғамдық қолдауының төмен деңгейі қоғамда ұлтшылдық идеяларының жақтастарының жоқтығын білдірмейді. Сауалнамалардың қорытындылары көрсеткендей, халықтың шамамен 10% қазақ саяси партиясын қолдауға дайын. Азаматтардың аталған бөлігі қазақтар титулдық этнос ретінде басқа ұлттармен салыстырғанда артықшылықтарға ие болуы керек деп ойлайды. Елдің әр азаматы мемлекеттік тілді меңгеруге міндеттелуі керек деген идеяны халықтың 20% қолдайды.

Соңғы жылдары қазақ тілді басылымдардың, әсіресе интернет-БАҚ қоғамдағы рөлінің артуы есебінен ұлтшылдық дискурсы анағұрлым кеңейді. Бүгінгі күні қазақ бұқаралық ақпарат құралдары ұлтшылдық идеялардың өндірісі мен кеңінен таралуында негізгі рөл атқарады. Бұны қазақ тіліндегі аса танымал интернет-басылымдардың контент-талдауы көрсетті¹⁰.

Контент-талдауы қорытындыларының негізінде қазақ ұлтшылдығы дискурсының мәнін көрсететін негізгі нарративтерді айқындауға болады:

1. **Дәстүрлілік:** қазақ дәстүрлерінің жаңғыруы, түп-тамырға және ата-бабалардың өсиеттеріне оралу, жаһанданудың теріс әсерлеріне қарсы тұру
2. **Лингвистикалық ұлтшылдық:** қоғамдық өмірдің барлық салаларында қазақ тілі рөлінің артуы, елдің барлық азаматтарының мемлекеттік тілді міндетті түрде білуі жөніндегі талап
3. **Антиколониализм:** отарлаушылықтың қалдықтарымен күрес, кеңес дәуірінің нышандары мен құндылықтарынан тазару арқылы сана-сезім мен мәдени кеңістікті отарсыздандыруға шақыру
4. **Ресурстық және экологиялық ұлтшылдық:** қазақ жерлерінің басқа мемлекеттерге сатылуына жол бермеу туралы үндеулер, ел экономикасының стратегиялық салаларында шетелдік компаниялардың қатысу үлестерінің ұлғаюына қатысты сын, «Антигептил» қозғалысы
5. **Империализмге қарсылық:** ҚР Еуразия Одағына кіруіне наразылық білдіру, Украинада іске асырған әрекеттері үшін Ресейді сынау, «жаңа КСРО» жаңғырту себебінен Қазақстанның тәуелсіздігін жоғалтуына жол бермеу туралы үндеулер.

Алғашқы екі нарратив салыстырмалы түрде алғанда ертерек қалыптасқан және өз бастауын кеңес дәуірінен алады. Антиколониализм ұрандары Тәуелсіздіктен кейін кеңінен тарала бастады. Ресурстық және экологиялық ұлтшылдық нарративі одан кейін, Қазақстанның басқа елдерге ұлғайған тәуелділігі мен Байқоңыр («Протон» ракетатаратушысының сәтсіз ұшырылуы) космодромында орын алған апат салдарына реакция ретінде туындады. Империализмге қарсы риторика Қазақстанның Кедендік Одаққа кіргеннен кейін және Украинадағы оқиғалардан соң күшейді.

Қазақ ұлтшылдығының жалпы дискурсы көбінесе этнобағытты сипатқа ие, яғни ол қазақтарды этно-мәдени қауымдастық ретінде дамыту және мүдделерін қорғауға бағытталған. Қазақ ұлтшылдығын азаматтық интеграцияға бағытталған идеология ретінде қарастыру өте сирек орын алады. Либералдық көзқарастағы ұлтшылдардың жекелеген өкілдері ғана бұл идеологияның біріктіруші және модернизациялық әлеуеті туралы

⁹ Мұнда және одан кейін «Стратегия» ЭСЗО ҚҚ 2010 және 2014 жылдарда өткізген жалпы ұлттық репрезентативтік сауалнамалардың қорытындылары берілген. Іріктеу аумақтық белгі бойынша стратификацияланған көпқабатты іріктеу болып табылады. Сұхбаткерлерді іріктеу жыныс, жас, ұл секілді өлшемдерді ескеретін квоталық таңдау бойынша өткізілді. Сұралғандардың саны – 1600 адамнан астам.

¹⁰ «Қоғамдық-саяси бағыттағы қазақ тілді сайттардың контент-талдауы» талдамалық баяндамасы, 2013 ж., www.ofstrategy.kz

айтады. Көп жағдайда, дәстүрлі көзқарас басымдыққа ие, оған сәйкес қазақ ұлтшылдығы қазақ этникалық тобының игілігі үшін қызмет етуі қажет. Қазақ тілді сайттардың атауларының өзі олардың этнобағыттылығы жөнінде хабардар етеді: *ult.kz, qazaquni.kz, alashainasy.kz, namys.kz, zhasalash.kz, jasqazaq.kz*.

Қазақ тілді бұқаралық ақпарат құралдарының рөлі күшейген сайын ресми және ұлтшылдық дискурстар арасындағы құндылық және идеологиялық тұрғысында алшақтық айқын біліне бастайды. Бұл қазақстандық қоғамның тілдік саралануының тереңдей түсуінің нәтижесі ғана емес (ресми дискурс көбінесе орыс тілді болып келеді), сонымен бірге қалыптасу үстіндегі баламалы саяси идеологияның белгісі болып табылады. Өзара ақпараттық алмасу жылдамдығы бірнеше есе артқан интернет және әлеуметтік желілер дәуірінде дискурстар қайшылығы қоғамдық-саяси кеңістіктің елеулі «қоздырғышы» болып табылады.

Бұл ретте Кедендік Одаққа байланысты жағдай жақсы мысал бола алады. Қазақтілді басылымдар осы интеграциялық бірігуге қарсы идеяны белсенді түрде дамытқан негізгі құралдардың бірі болды. Ұлтшылдар осы тақырыпты айтарлықтай деңгейде саясиландыра алды. Интеграцияға қарсы риторика әлеуметтік желілерде жалғасын тауып, нәтижесінде ресми биліктің әрекетіне қарамастан Кедендік Одақ туралы қоғамда оң пікір қалыптастыру мүмкін болмады.

Қазақтілді сайт редакторларының айтуынша, қазақтілді БАҚ ықпалымен билік өз шешімдерін өзгертуге бірнеше рет мәжбүр болды. Бұл – жерлерді Қытай Халық Республикасына жалға беру туралы шешімнің күшін жою, көші-қон заңнамасына өзгерістер енгізу және т.б.¹¹

Ұлтшылдық риторикасының белгілі бір жетістіктеріне қарамастан, елдегі саяси бағыт бұрынғыша ел басшылығымен және билік элитасымен айқындалады, ал олар көп жағдайда центристік ұстанымдағы көпшілік пікіріне сүйенеді. Ұлтшылдардың ұстанымдарын ескермейтін шешімдер қабылдаған жағдайлар аз болған жоқ – ол «Нұрлы көш» бағдарламасының тоқтатылуы (этникалық қазақ-репатрианттарына елге көшуге уақытша тыйым салу), Еуразиялық экономикалық одақты құру туралы келісім-шартқа қол қою және т.б. Қоғамдық пікір сауалнамалары көрсеткендей, қазіргі уақытта елдегі саяси режим айтарлықтай берік, ал этнобағытталған күштер әзірше шынайы баламалы саяси күшке айналған жоқ.

Бірақ қазақ ұлтшылдығының әлеуетін тек этнобағытталған қозғалыстардың саяси қауқары бойынша өлшеу дұрыс емес. Саяси режимнің сипаты мен қоғамның саяси мәдениетінің ерекшеліктерімен байланысты қазіргі жағдайда объективті шектеулер бар, сол себепті Қазақстандағы кез келген баламалы күштің қазіргі күні жетістікке жетуі неғайбыл.

Ағымдағы жағдайды талдайтын болсақ, алдағы бірнеше жылда қазақ ұлтшылдығының саяси идеология ретінде күшеюі үшін айқын алғышарттардың бар екендігін байқауға болады. Солардың ішінде ең негізгілеріне тоқталып өтсек:

- **Әлеуметтік-демографиялық алғышарттар.** Соңғы деректер бойынша, жалпы халық құрылымында қазақ этносының үлесі 65%-ға жетті. Демографтардың бағалауы бойынша, бұдан әрі қазақтардың халықтың этникалық құрылымында басым болуы – осы топтың ішінде бала туудың жоғары деңгейі, сонымен қатар славян халқы үлесінің азаюы есебінен күшейеді. Демографтардың болжамы бойынша қазіргі динамикасы бойынша қазақ халқының үлесі 2030 жылға қарай 90%-ға жақындамақ¹². Бірақ қазақ этно-мәдени қауымдастығының саясаттануы

¹¹ «Қазақ тілді интернет-БАҚ Қазақстандағы қоғамдық-саяси өмірдің факторы ретінде» талдамалық баяндамасы, 2013 г., www.ofstrategy.kz

¹² Александр Алексеенко: патриоттық, қақтығыстық қарым және демографияның «шұңқырлары» туралы. <http://www.caravan.kz/article/83137>.

олардың үлесінің арифметикалық өсімі есебінен емес, қалалық ортада олардың өкілдігінің өсімі арқылы жүзеге асырылады. Атап кетер жайт, 1999 жылдың өзінде қазақтар этникалық басымдыққа ие болды (54%), бірақ олардың қала халқы арасындағы үлесі 43% құрады. Тек 2005 жылдан кейінгі статистика қазақтардың қалаларда басым үлеске ие болуын көрсете бастады және бүгінгі күнге қарай қала тұрғындарының шамамен 60% этникалық қазақтар болып табылады (№1 қосымша). Қала кеңістігінің «қазақылануы» айқын этно-мәдени сәйкестілікке ие дәстүрлі мәдениет өкілдері болып табылатын кешегі ауыл тұрғындарының есебінен жүзеге асып жатқаны белгілі. Қалаға көшкеннен соң кешегі ауыл тұрғындары түрлі ақпаратқа қол жеткізеді, осылайша ұлтшылдық дискурсының өндірісіне қосылады, сол арқылы қазақ ұлтшылдығының жаңа негізгі қалыптасады.

- **Саяси алғышарттар.** Қазақстандағы билік транзиттік кезеңге жақындағаны белгілі. Көптеген сарапшылардың пікірінше жаңа кезеңде ішкі саяси жүйе қайта жаңғырады. «Назарбаев ресурсы» келесі билік үшін қоғамды шоғырландыруға берік негіздеме бола алмайды. Жаңа билікке өзінің легитимділігін қамтамасыз ету үшін және азаматтардың қолдауына ие болу үшін жаңа идеялар мен негіздемелерге жүгуіне тура келеді. Батыс зерттеушілерінің бағалауы бойынша, *«Қазақстандағы жаңа саяси элита «Елбасы» мәртебесінің орнын толтыру үшін, ұлтшылдықтың символикалық картасын іске асыру мүмкіндігі жоғары»*¹³.
- **Жаңа буын аспектісі.** Сонымен қатар қазақ ұлтшылдығының күшеюі жаңа ұрпақ факторымен байланысты, себебі Тәуелсіздік жылдарында барлық салалардың қазақылануы жағдайында тәрбиеленген және «ұлтшылданған» Қазақстан өнімі болып табылатын жастар бірнеше жылдан кейін ересектікке қол жеткізеді. Аталған батыс авторлар қазақтардың жаңа буыны этникаралық тұрақтылықты сақтау үшін мемлекеттің «қазақшылдығын» екінші орынға ысырып қоюға көнуі екіталай деген пікірді ұстанады.

Жоғарыда айтылғанды қорытындылай келе, алдағы бірнеше жылда қазақ ұлтшылдығы факторының күшеюін болжауға болады. Бұл факторды қажетті деңгейде ескермеу немесе оны жоққа шығару мемлекеттің тұрақты дамуына теріс әсер етуі мүмкін. Төменде қазақ ұлтшылдығы факторымен тікелей байланысты мемлекеттік саясаттың негізгі салаларын/бағыттарын қарастыру ұсынылады.

¹³ Йос Боонстра және Марлен Ляруэль. «Неведомые воды: преемственность президентской власти в Казахстане и Узбекистане» (Бейтаныс жағдайлар: Қазақстан мен Өзбекстандағы президенттік биліктің сабақтастығы), EUCAM Policy Brief No. 33, 2014.

2. Қазақ ұлтшылдығы және көпшілік саяси ортасы

2.1 Қазақстандағы Nation-building: берік іргетасын қалай орнатуға болады ?

Қазақстанда Тәуелсіздіктің алғашқы күндерінен бастап ұлт құрылысы мәселелері ел басшылығының ерекше бақылауында болды. Мұны мемлекеттіктің символикалық шекараларын идеологиялық тұрғыдан негіздеуге бағытталған ресми және стратегиялық құжаттар куәландырады.

Қазіргі заман зерттеушілері мен сарапшылары Назарбаевтың алдында күрделі міндеттің тұрғанын мойындайды – бір жағынан, біріктіруші идеяның негізінде полиэтникалық қоғамды шоғырлау және ел аумағында этнотілдік қақтығыстардың орын алуына жол бермеу, екінші жағынан, қазақтілді халықтың титулдық этнос ретінде өзін-өзі танытуы сұранысын қағанағаттандыру қажет еді.

Барлық мүмкін болатын баламалардың ішінен билік ең оңтайлысын таңдады: қазақи этно-мәдени өзекке негізделген азаматтық ұлтты қалыптастыру. Таңдалған ұлт құрылысы моделінің негізгі ұстанымдарын және соларды жүзеге асырудың мысалдарын төмендегідей кесте арқылы көрсетуге болады:

Жорамалдар/негізгі тезистер	Жүзеге асыру
1. Қазақтар түбірлі «ұлт» (этникалық топ) болып табылады және мемлекеттіліктің негізін құрайды	1990 жылғы Тәуелсіздік туралы Декларация, 1991 жылғы «Мемлекеттік тәуелсіздік туралы» Конституциялық Заңы, 1992 жылғы «Қазақстанның тәуелсіз мемлекет ретінде қалыптасу және даму стратегиясы»
2. Кеңес дәуірінде қазақтар ассимиляциялық саясаттың құрбаны болды және Тәуелсіздікпен бірге өз мәдениетінің, дәстүрлері мен тілінің жаңғыртуына мүмкіндік алды	Ұлттық стильдегі мемлекеттік нышандар, Қазақтарды репатриациялау саясаты, отандық тарихты қайта қарау, көшелер мен елді мекендердің атауларын өзгерту, іс жүргізуді қазақ тіліне аудару, мемлекеттік тілді дамыту бойынша бағдарлама, ұлттық мәдениетті қолдау
3. Басқа этникалық топтар Қазақстан аумағына тарих қалауы бойынша қоныс аударылды және олардың тең құқықтар мен өмір сүру шарттарымен қамтамасыз етілетініне кепілдік беріледі	Орыс тілділердің құқықтарына кепілдік беру, ҚР Конституциясында (1995) «ресми тіл» мәртебесі, этно-мәдени қауымдастықтарды қолдау, мультитілді орта білім беру жүйесі
4. Қазақстан халқы ортақ экономикалық салауаттылық пен саяси қауіпсіздікке қол жеткізу идеяларымен біріктірілген біртұтас халық болып табылады	1995 жылғы ҚР Конституциясы («Қазақстан халқы»), «алдымен экономика, кейін саясат» ұраны, 2030-стратегиясы, 2050-стратегиясы, «Қазақстанның 30 аса дамыған елдердің қатарына енуі»

Көрсетілгендей, басынан бастап республикадағы ұлт құрылысы саясаты негізгі этно-тілдік қауымдастықтардың, яғни қазақтар мен орыстардың мүдделері арасындағы балансты сақтауға бағытталды. Сол кезеңде қалыптасқан ірі этникалық топтардың үміттерін ескере отырып, компромистік нұсқа ұсынылды, бұл Қазақстанда, әсіресе Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында этникалық және тілдік қарама-қайшылықтарды шиеленістірмеуге мүмкіндік берді. Бұл ретте әр түрлі қоғамдық-саяси күштер арасында шебер түрде әрекет ете білген

Н.Назарбаевтың рөлін атап өтпеуге болмайды. Мысалы, Ермұхамет Ертұсбаев өз кітабында Н.Назарбаевтың бір жағынан елді «Қазақия» етіп атауын өзгертуді талап еткен қазақ ұлтшылдары, екінші жағынан Қазақстандағы орыс тілінің мәртебесін жоғарылатуды сұраған ресми Мәскеу арасында қалып, қиын жағдайға душар болғанын жазады¹⁴.

Ұлт құрылысындағы консенсустік ұстаным Қазақстанның барлық этникалық топтарын бірыңғай азаматтық қауымға біріктіруді мақсат тұтты: «*Біз саяси, азаматтық бірлікке ұмтыламыз және Қазақстан халқы белгілі бір жаңа этникалық қауым емес, әр түрлі ұлттардың қауымы болуы тиіс*»¹⁵. Билік үшін маңызды міндет «Қазақстан халқы» (бұдан әрі «қазақстандық ұлт») тұжырымдамасына қазақ этникалық компонентін сәйкестіндіру болды. Бұл үшін Тәуелсіздіктің алғашқы күндерінен бастап қазақ этносының мемлекет құрушы рөлі туралы тезис алға тартылады: «*Қазақстан тәуелсіздігі – қазақ халқына берілген тағдыр сыйы емес, өзінің байырғы жерінде өз мемлекетін құрудың азап шегіп, қажырлы еңбекпен алынған құқығы болып табылады*»¹⁶. Бұл ретте, ұлт ұғымының ресми құжаттарда тек этникалық мғынада түсіндірілуі тән. Мысалы өзінің әйгілі «В потоке истории» (Тарих толқынында) кітабында Назарбаев мемлекеттік құрылыстың ұлттық факторы, тарихи естеліктері мен басқа да аспектілерін қарастырады және қазақ ұлты түсінігін тек этникалық топ мағынасында пайдаланады¹⁷.

Қазақстандық ғалым, философ Р.Қадыржанов Қазақстанда қалыптасқан ұлттық-мемлекеттік құрылыс моделін талдау барысында Э. Смиттің (әйгілі ағылшын социологы) конструктивістік этносимволизміне жүгінеді. Өз монографиясында қазақстандық автор оның «этникалық өзек» немесе «басым этнос» тұжырымдамасын ұсынады, және ол біздің жағдайды аса дәлдікпен сипаттайды. Осы тұжырымдамаға сәйкес, ұлт басым этнос негізінде қалыптасады, ал «басым этнос басқа этностарды өзіне тартады және мемлекетке өзінің атын және мәдени негіздерін береді»¹⁸.

Қазақстандағы мемлекеттік сәйкестілік үш дискурсивтік парадигмалар негізінде қалыптасқан деген пікірді ұстанған М.Ляруэльдің көзқарасы қызығушылықты тудырады. Шет елдік зерттеушінің пікірінше, біріншісі – елді қазақтардың байырғы жері ретінде айқындайтын «қазақ парадигмасы» (қазақ аудиториясына арналған). Екінші «қазақстандық парадигма» Қазақстанды елді мекен ететін барлық этностардың ортақ үйі ретінде белгілейді (аудитория– азшылық этностар мен Ресей). Үшінші, трансұлттық парадигмасының аясында, Қазақстан Республикасы әлемдік қауымдастыққа интеграцияланатын ел болады (барлығына ортақ идеология). М.Ляруэльдің пікірі бойынша, аталған парадигмалардың арасында оңай ауыса отырып, саяси режим әр түрлі әлеуметтік топтар мен аудиториялар арасында тиімді коммуникацияны құрады¹⁹.

Зерттеуге қатысушы сарапшылардың арасында қазақстандық ұлт құрылысы моделі «*екі деңгейлі сәйкестілік принципіне*» негізделген «кеңестік халық» тұжырымдамасын

¹⁴ Ертұсбаев Е. «Қазақстан и Назарбаев: логика перемен» (Қазақстан және Назарбаев: өзгерістер логикасы) - Астана: Елорда, 2001. – 257 б.

¹⁵ «Тарихи жад, ұлттық келісім мен демократиялық реформалар– Қазақстан халқының азаматтық таңдауы. Қазақстан халықтары Ассамблеясының IV сессиясындағы баяндама, 1997 ж, akorda.kz

¹⁶ Сол әдебиетте, 42 б.

¹⁷ Н.Назарбаев. В потоке истории (Тарих ағынында). – Алматы: Атамұра 1999 – 296 б.

¹⁸ Қадыржанов Р.К. Этнокультурный символизм и национальная идентичность Казахстана (Қазақстанның этно-мәдени символизмі мен ұлттық сәйкестілігі) / З.К. Шаукенованың жалпы редакциясы бойынша. – Алматы: ҚР БҒМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану институты, 2014. – 168 б. (125 б.)

¹⁹ “The Three Discursive Paradigms of State Identity in Kazakhstan. Kazakhness, Kazakhstanes and Transnationalism,” in Mariya Omelicheva, ed., Nationalism and Identity Construction in Central Asia. Dimensions, Dynamics and Directions (Lanham: Lexington Books, 2014), 1-20.

қайталайды деген пікір жиі естіледі.²⁰ Айырмашылығы - біздің жағдайда этникалық сәйкестіліктен жоғары тұратын сәйкестілік «қазақстандық ұлт» болды.

Қоғамдық пікір сауалнамалары көрсеткендей, екі деңгейлік сәйкестілік моделі халықтың арасында теріске шығарылмайды. Керісінше, ел тұрғындары үшін өздерін бір жағынан, Қазақстан азаматы, екінші жағынан, өз ұлтының өкілі ретінде сезіну кең тараған құбылыс болып табылады.

2014 жылғы сауалнамада «Сіз өзіңізді ең алдымен кім деп есептейсіз?» деген сұрақ қойылды және оның төрт жауап нұсқасы ұсынылды: 1) Қазақстан азаматы 2) өз ұлтымның өкілімін (қазақ, орыс және т.б.), 3) бірінші де, екінші нұсқаны да бірдей деңгейде сезінемін 4) екі нұсқаны да ұстанбаймын.

Жүргізілген сауалнамаға сәйкес, респонденттердің 54% бірінші нұсқаны таңдады, яғни өздерін, ең алдымен Қазақстан азаматы қатарына жатқызды. Этникалық сәйкестікті сұрау алынған тұрғындардың 7% бірінші орынға қойды. «Бірінші де, екінші нұсқаны да бірдей деңгейде сезінемін» жауабын респонденттердің – 35% таңдады, «Екі нұсқаны да ұстанбаймын» жауабын - 3% таңдады (2 қосымша).

Алынған деректер қазақстандықтардың басым көпшілігіне этникалық сәйкестікпен салыстырғанда қазақстандық сәйкестілік маңыздырақ екенін көрсетеді. Бұл бір жағынан, қоғамда мемлекеттік институттарға деген қолдаудың жоғары екендігін білдірсе, екінші жағынан халық санасының әлсіз түрде этнизацияланғанын көрсетеді. Сонымен қатар халықтың 35% мемлекеттік және этникалық сәйкестіліктің арасын бөлмей, олардың бірдей маңызға ие екендігін белгілеуі арқылы халық санасында азаматтық және этникалық сәйкестіктің өзара ықпалдастығы мен жақындастығын көрсетті.

Дегенмен, зерттеуге қатысқан сарапшылардың көпшілігі қолданыстағы гибриді сәйкестік моделін сынға алды. Бұл конструкция сарапшылардың пікірінше халықты біртұтас азаматтық ұлтқа интеграциялау тұрғысынан өміршең бола алмайды. Себебі Қазақстандағы ұлтты құрастыру моделі әдіснамалық және құндылықтық тұрғыда мүлдем екі бөлек (азаматтық және этномәдени) модельдерді біріктіруге тырысады. Осындай модель негізінде азаматтық қауымдастықты қалыптастыру талпынысын авторлар «қақтығыстық консенсус» деп атайды, бұл жағдайда жалпы ұлттық бірігу келісімге келу негізінде емес, қарама-қайшы ұстанымдарға көз жұма қарау арқылы қол жеткізіледі.²¹

Қолданыстағы ұлт құрылысы моделінің саяси импликациясы туралы айтатын болсақ, келесі қарама-қайшылықтар мен кемшіліктерді атап өтуге болады:

Біріншіден, саяси элитаның өзінде «қазақстандық ұлт» негізінде азаматтық қауымдастықты қалыптастыру бағытының дұрыстығына толық сенімі болмады. Мысалы, 2010 жылы Ел бірлігі доктринасын қабылдауға байланысты туындаған жағдайда саяси элитаның азаматтық ұлт моделіне деген сенімінің әлсіз болғанын айқын көрсетті. Ел бірлігі доктринасының бірінші редакциясында «қазақстандық ұлт» тұжырымын ұсына отырып, қазақ ұлтшылдарының ереуілдерінен кейін одан бірден бас тартты. Жекелеген сарапшылардың пікірлері бойынша саяси режим ұлтшылдардың қарсылығын ескермей, өз ұстанымын сақтағанда, қарапайым халық «қазақстандық ұлт» идеясын қабылдайтын еді. (Осыған ұқсас жағдай азаматтардың жеке куәліктерінде ұлт туралы пунктіне байланысты

²⁰ М.Кастельс. Информационная эпоха: экономика, общество и культура (Ақпараттық дәуір: экономика, қоғам және мәдениет): Ағылшын тілінен аударма О.И.Шкаратанның ғылыми редакциясы бойынша, М.:ГУ-ВШЭ, 2000.

²¹ З.К.Шаукенова, В.Ю. Дунаев. Қазақстан Республикасындағы идеологиялық құрылымдау: эволюцияның маңызды оқиғалары және «Қазақстан -2050» Стратегиясы контекстіндегі даму стратегиясы: монография – Алматы: ҚР БҒМ ҒК Философия, саяаттану және дінтану институты, 2013. – 438 б. (335-336 б.)

қайталанған болатын. Алдымен үкімет осы пунктіні құжаттардан алып тастауды ұсынған болатын, бірақ ұлтшылдар лагерінің жекелеген тұлғарының сыни пікірлерінен кейін билік бұл идеядан тез арада бас тартты).

Осылайша мемлекеттік деңгейде ұсынылған қазақстандық ұлт идеясы тек қаңқа түрінде қалып қойды, ал мазмұндық тұрғыдан алғанда оны мәдени мағынамен толтыруға деген талпыныс болған жоқ. Азаматтық ұлтты қалыптастырудың ең басты қағидаларының бірі халықтың санасын деэтнизациялау, яғни адамның этникалық тиістілігін саяси категория ретінде қарастырмау болатын. Бірақ Қазақстанда бұл жағдай орын алмады. Керісінше, кеңестік кезеңде кең тараған дәстүр бойынша этникалық белгіні мемлекеттік-азаматтық қарым-қатынастардың объектісі мен субъектісіне айналдыру саясаты жалғаса берді.

Екіншіден, тарихтың кеңестік кезеңінен алшақтаған сайын, этникаралық келісім туралы ұрандар халықтың қазақ бөлігі үшін өз құндылығын жоғалтып отыр. Мұны жоғарыда аталған сауалнама қорытындылары көрсетеді, мысалы, зерттеуге сәйкес, қазақ тілді және орыс тілді аудиториялар үшін этносаралық келісім факторы бірдей деңгейде бірігу үшін негіздеме бола алмайтындығы анықталды. «Келесі көрсетілгендердің қайсысы ел тұрғындарын біріктіруге, ұйыстыруға негіз бола алады?» деген сұрақ қойылған болатын. Сұраққа 10 жауап нұсқасы берілді: *ұлттық сана-сезімді жаңғырту, ҚР тәуелсіздігін қорғау; экологияны қорғау; барлық қазақстандықтардың материалдық әл-ауқаты, ортақ тарихи естеліктер; президенттің саяси бағытын қолдау; діни құндылықтар; мәдениет пен білім берудің өсімі; демократия қағидаларының орнатылуы.*

Егер сұралған халықты жалпылама қарастырсақ, ең маңызды құндылық болып материалдық әл-ауқат аталды, оны респонденттердің 52% таңдаған болатын. Екінші орында – ұлтаралық келісім (44%), ал үшінші орындарда – ҚР тәуелсіздігін қорғау және ұлттық сана-сезімді жаңғырту болды (25 және 24% сәйкесінше).

Бірақ мәліметтерді халықтың тілдік ерекшеліктері бойынша қарастыратын болсақ айтарлықтай айырмашылықтардың бар екендігін байқауға болады («Әдетте, сіз үйде қай тілде сөйлесесіз?»). Үйде тек орысша сөйлейтін (51%) немесе қазақ және орыс тілдерінде сөйлейтін (46%) респонденттер үшін этникаралық келісім маңызды біріктіруші фактор болып табылады. Үйде тек қазақ тілінде сөйлесетін халықтың бөлігі үшін этникаралық бейбітшілік идеясының маңыздылығы әлдеқайда төмен – 34%.

Өз кезегінде, қазақ тілді халық үшін «ұлттық сана-сезімді жаңғырту» аса маңызды санат болып табылады - 39%. (Орыс тілінде сөйлейтіндер үшін бұл көрсеткіш 15%-ға тең болды).

Талдауға сәйкес, «материалдық әл-ауқат» категориясы халықтың көрсетілген үш тобында да бірдей қолдауға ие болды.

Әр түрлі аудиторияларға әр түрлі тұғырнама ұсына отырып, Қазақстанда жүзеге асырылатын ұлт құрылысы саясаты екі жақтылыққа бой ұрды. Мұндай ұстанымның нәтижелілігі қазіргі жағдайда мемлекеттің толық ақпараттық басымдылығы арқылы қамтамасыз етіледі, соның арқасында осы екі идеологиялық бағыттарды ажырату мүмкіндігі пайда болып отыр. Дегенмен, қазіргі жағдайда елдегі билікке екі жақты тепе-теңдікті сақтау саясатын жүргізу күннен-күнге қиынға түсуде. Тәжірибе көрсеткендей, әлеуметтік желілердің кең таралуына байланысты, қазақ тілді және орыс тілді сегменттердің өзара әрекеттесуі жиілей түсті, ал бұл ресми риториканың осы бағыттағы саясатының қарама-қайшылықтарының айқындалуына жол ашты.

Үшіншіден, ұлт құрылысының қолданыстағы моделінің Н.Назарбаевтың жеке тұлғасына тікелей тәуелділігіне қатысты мәселе туындайды. Елдегі ұлттық саясаттың іске асырылуын қамтамасыз ететін басты орган – Қазақстан халықтарының Ассамблеясы ел президентімен басқарылатыны көрнекі мысал болып табылады және осы мекеменің

Жарғысында келесі белгіленген: «Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Ұлт Көшбасшысы Ассамблеяның өмір бойғы Төрағасы болып табылады»²². Осындай жағдайда билік жүйесіне қазіргі ел президентімен жеке басқарылуы арқылы институттанған осы органның болашағы туралы мәселе туындайды.

Сонымен қатар, этносаралық баланс көп жағдайда қазақ тілді және орыс тілді халықтың арасында туындаған барлық қауіптер мен қобалжуларға тез арада жауап қайтаратын мемлекет басшысының риторикасы арқылы да сақталынып отырғаны белгілі²³. Нәтижесінде, оның тұлғасы қоғамда тілдік құқықтардың орындалуы мен Қазақстандағы ішкі саяси тұрақтылықтың сақталуының басты кепілі ретінде қабылданады.

Сарапшылардың пікірлері бойынша, осы аталған себептерге байланысты қолданыстағы ұлт құрылысы моделі жеткіліксіз деңгейдегі берік конструкция бола алмайды. Азаматтардың ұйысуы орта құндылықтарға емес, статус-квоны сақтауға деген ниет пен Н.Назарбаев президент қызметінен кеткеннен кейін жағдайдың нашарлау мүмкіндігі туралы қорқынышқа негізделіп отыр.

Төртіншіден, «қазақ» және «қазақстандық» ұлт дилеммасы маңызды мәселе болып табылады. Аталған Доктринаға қатысты туындаған жағдай осы мәселенің саясиландырылуына алып келді, соған сәйкес қазіргі ұлт құрылысы тақырыбындағы барлық қоғамдық пікірталастар, негізінде, осы дихотомия аясында қалып отыр.

Жоғарыда айтылғандай, қазақстандық ұлт концепциясы сәтсіз жоба болып есептелінеді және елдегі саяси биліктің оны әрі қарай іске асыруға талпынуы екіталай. Бірақ осы орайда азаматтық қазақ ұлты концепциясы баламалы нұсқа бола ала ма деген сұрақ туындайды. «Мәңгілік ел» мен «Қазақ еліне» қатысты соңғы бастамаларды ескерсек, саяси элитаның белгілі бір бөлігінде азаматтық қазақ ұлтын құру туралы идея қарастырылуда деген болжам жасауға болады. Дегенмен мұнда біздің қоғам қазақ ұлты түсінігінің Қазақстанда тұратын барлық этностар үшін инклюзивті сипатқа ие болуына дайын емес екендігі ескерілмейді. Қазақтардың өздері қазақ атауын тек этникалық шеңберде ғана қабылдайды және осылайша ойлаудың инерциясын еңсеру қиынға түсетіні анық. Басқаша интерпретацияға көшу жалпы халықтың санасымен және қоғамдық пікір көшбасшыларымен арнайы дайындық жұмыстарының жүргізілуін талап етеді.

Студенттер арасында өткізілген зерттеу жастар арасында «қазақ» анықтамасы тек этникалық мағынаға ие екендігін көрсетті. Бұл ретте, қазақ сәйкестігінің символикалық шекаралары негізінен эксклюзивті сипатқа ие, яғни өзге этникалық ел азаматтарының инкорпорациясын білдірмейтіні белгілі болды. Мысалы, студенттердің шығармаларын талдау кезінде қазақ болуды примордиалистік тұрғыдан түсіну басым екендігін байқауға болады - бұл қандық негіздегі туыстық тиістілік («қанымыз бір»), қиялдағы бір ата-бабаның болуы («Алаштың баласымыз»), аймаққа, жерге деген мифологиялық сүйіспеншілік («Ата-бабамыздың жері») және ерекше мәдени және менталдық ерекшеліктерге ие болуы («мінезі ерекше», «қонақжай», «ақкөңіл, пейілі кең»).

Инклюзивті сипатқы ие болуы мүмкін белгілер зерттеуге қатысқан студенттер тарапынан сирек белгіленеді. Оларға өз еліне деген сүйіспеншілік, қазақ тілін білу мен қолдану, сонымен қатар Ислам дініне тиістілік секілді белгілерді жатқызуға болады (3 қосымша).

Сонымен, бүгінгі күні Қазақстанда жүзеге асырылып жатқан ұлт құрылысы саясатының бір азаматтық қауымды қалыптастыру тұрғысында тиімділігі төмен деп қорытындылауға

²² Қазақстан халықтары Ассамблеясы туралы Жарғы, ҚР Президентінің 2011 жылғы 7 сәуірдегі № 149 Жарлығымен бекітілген, <http://www.assembly.kz/ru>

²³ Қазақ тілді және орыс тілді қоғамның бөлінуі шартты екенін атап өту қажет. Р.Брубейкер, айтқандай, этникалық - «заттар табиғатында өткізілген нақты шекаралар емес, әлеуметтік әлемді талқылау және қабылдау тәсілі».

болады. Ол соңғы жылдары күшейіп жатқан этникалық тиістілік пен соған сәйкес қалыптасқан «мифологиялық-символикалық кешенді» ескермейді.²⁴ Этникаралық бейбітшілік пен келісім туралы ұрандар қоғамның интеграциялануы үшін әлсіз негіз болып табылады. Көп жағдайда, бұл ұлтты қалыптастыру ісінде ат-үстіліктің басым болуымен байланысты. Ұсынылған азаматтық ұлт құру моделі бастапқыдан екі жақты құндылықтар жүйесіне негізделді, ал мұны жаңа әлеуметтік және саяси жағдайда қамтамасыз ету қиынға түсті.

Бүгінгі қоғамда билік декларациялаған азаматтық интеграциялану моделінің мәні мен бағыты жөнінде ортақ түсінік жоқ. Биліктің шоғырландыру риторикасы халық арасында ақиқатпен әлсіз түйсетін кеңестік насихат арнасында қабылдануы күшейіп келеді. Нәтижесінде қоғамның этно-тілдік белгісі бойынша жіктелуі өсіп отыр және локалды тиістіліктер күшейген. Әзірге ел президентінің бағытын қолдау, сонымен қатар халық көпшілігінің экономикалық консерватизмі (қазіргі өмір сүру деңгейін сақтау ниеті) интеграциялаушы факторлар болып қалып отыр, алайда ұзақ мерзімді перспектива тұрғысынан аталған факторлар халықты шоғырландыру үшін берік негіздеме ретінде жүзеге асуы екіталай.

2.2 Қазақтар мен басқа этностар: өзара келісімді сақтау мәселесі

Этникаралық қарым-қатынастар саласындағы қазақстандық саясат ұлтшылдық факторын тек қауіп-қатер көзі ретінде қарастырады. Соңғы оқиғалар көрсеткендей, жалпықоғамдық кеңістікте кез келген ұлтшылдық көріністері билік тарапынан қарсы әрекеттер тудырады (айыппұлдар және басқа да шектеу шараларын пайдалану арқылы). Фашизмді насихаттады және экстремизмді ақтады деген айыппен «Аңыз адам» журналының редакциясына қомақты сомаға айыппұл салынды²⁵. Ұлтаралық алауыздықты қоздырғаны үшін жауапкершілікке тартылған азаматтар да аз емес.

Этникалық тиістілік негізіндегі қандай да бір дискриминацияға жол бермеу - Қазақстандағы ішкі саяси тұрақтылықты қамтамасыз етуінің маңызды шарттарының бірі болып табылады. Ел ішінде, сондай-ақ басқа елдер тарапынан да этносаясаттың қазақстандық моделі кеңес дәуірінен кейінгі кеңістіктегі аса сәтті үлгілердің бірі екендігі туралы жиі айтылады. Сарапшылардың мұндай баға беруіне елдегі қабылданған заңдардың сипаты мен Тәуелсіздік алған сәттен бастап Қазақстанда сақталған этносаралық тұрақтылықтың сақталуы түрткі болады.

Бірақ соңғы жылдары этносаралық қарым-қатынастар саласындағы билік саясатын тиімді деп атау қиын. Дүркін-дүркін лап ететін жергілікті қақтығыстар орталық биліктің жағдайға алдын ала мониторинг жүргізбейтінін көрсетеді. БАҚ шолуы көрсеткендей, ресми билік өкілдері осы мәселені қоғамдық кеңістікте жариялау мен талқылау құқығын толық монополизациялап алған. БАҚ редакторлары жеке кездесу барысында этносаралық қарым-қатынастар тақырыбына сыни баға беретін жарияланымдарға цензура бар екенін растайды. Оның орнына кеңестік үгіт-насихат стиліндегі Қазақстанды халықтар достығының мүлтіксіз үлгісі қылып көрсететін материалдар шығару ұсынылады. Этносаралық келісім мәселесін шамадан тыс идеологизациялау жағдайында жергілікті билік органдары да түрлі этностар арасында орын алуы мүмкін қарама-қайшылықтарды жария етуге құлықсыз.

²⁴ Смит Энтони Д. Национализм и модернизм: Критический обзор современных теорий наций и национализма (Ұлтшылдық және модернизм: Заманауи ұлт және ұлтшылдық теориясының сыни шолуы / Ағылшын тілінен аударма А.В.Смирнова, Ю.М.Филиппова, Э.С. Загашвили және т.б. – М.: Праксис, 2004. – 464 б.

²⁵ Нөмір А.Гитлердің өмірі мен қызметіне арналған.

Дегенмен, барлық шектеулерге қарамастан, этносаралық қарым-қатынастар мен ұлтшылдық тақырыбы қоғамда белсенді түрде талқылануда. Украинада орын алған соңғы оқиғалардан соң бұл мәселелердің өзектілігі арта түсті. Көбінесе қоғамдық кеңістікте қазақ ұлтшылдығының күшеюі мен оның елдегі жағдайға әсер ету мүмкіндігі талқыланады. Әлеуметтік желілердің дамуы осы мәселелерді талқылауға қатысатын адамдардың санының артуына алып келді, ал бұл өз кезегінде түрлі драмалық жағдайлардың туындауына себеп болып отыр.

Бұған «Шевцова-Валова ісіне қатысты жағдай көрнекі мысал бола алады. 2015 жылдың басында Қазақстан азаматшасы Т.Шевцова-Валоваға ұлтаралық араздықты тұтатты деген айыппен қылмыстық іс қозғалды. Оның посттарында ұлт белгісі бойынша азаматтарға тіл тигізу белгілерін байқаған әлеуметтік желі қолданушылары оны сотқа берді. Қазіргі уақытта тергеу амалдары жүзеге асырылуда, ал күдікті үй қамауында.

Осыған байланысты екі негізгі мәселені атап өту қажет. Біріншіден, Украинадағы оқиғалардың Қазақстанда көрініс табу мүмкіндігі әсерімен біздің қоғамда елеулі шиеленіс туындады. Азаматтар елдегі жағдаймен тікелей ұқсастықтарды белгілей отырып, ұлт белгісі бойынша лагерьлерге бөлінуде. Осындай бөліну тіл, сәйкестілік және саяси бағытты таңдау мәселелерін саясиланыра түсіп, жиі қоғамның этно-тілдік сегрегациясына сай келетіні қауіпті болып табылады.

Екіншіден, мемлекеттік органдар мұндай қайшылықтар кезінде орынды әрекет етуге қажетті құралдарға және ашық тайталасты болдырмау механизмдеріне зәру. Көптеген сарапшылар мәселенің сот арқылы шешілуі осындай оқиғалардың қайталануын алдын алуға көмек беруі екіталай деген пікірді ұстанады. Екінші жақтан, яғни әлеуметтік желілер мен интернет-басылым сайттарында этникалық тиістілік бойынша жиі жәбірге ұшырайтын орыс тілді азаматтардан да сот шағымдары ілесуі мүмкін.

БАҚ контент-талдауы көрсеткендей, қазақ тілді және орыс тілді дискурстардың арасындағы қайшылық – жаңа құбылыс емес. Интернетте, әсіресе әлеуметтік желілерде, тіл, тарих, ұлт құрылысы және т.б. секілді аса сезімтал тақырыптар бойынша екі сегмент арасындағы өзара текетірес бұрыннан жалғасуда. Украинада болған оқиғалар бұл қарама-қайшылықтарды одан әрі өршітті.

Қазақ тілді-интернет БАҚ контент-талдауы²⁶, сонымен қатар әлеуметтік желілер талдауы қазақ тілді және орыс тілді қауым арасында шиеленіс тудыратын және жалпы қоғамдық келісімге теріс әсер ететін мәселелер жиынтығын айқындауға мүмкіндік береді

1. **Тілдік коллизиялар.** Сараптама тіл мәселесінің қазақстандық қоғамда этникаралық шиеленіс үшін ең басты себепкері болатынын көрсетеді. Көптеген басылымдардың әр түрлі авторлары қазақ тілінің қынжытарлық жағдайына (әдетте мемлекеттік тілдің жай-күйі осылай сипатталады) қатысты өз наразылығын білдіреді. Тілді дамыту мәселесіне жеткіліксіз көңіл бөлетіні үшін мемлекет айыпталып, орыс тілді тұлғаларға тілді білмейтіні және оны үйренуге құлықсыз болғандығы үшін айып тағылады. Орыс тілділердің тарапынан да мемлекеттік органдардың өздерінің тілдік құқықтарын кемсіту мен мемлекеттік тілді білмегені үшін шамадан тыс қысым көрсетілуі турасында наразылықтар естіледі. Жалпы алғанда, осы тақырыптар аясындағы қарама-қайшылықтар шеңбері жыл сайын кеңеюде және осы жағдайдың реттелуіне алып келетін алғышарттар әзірше байқалмайды.
2. **Тарих қарама-қайшылығы.** Тарихқа баға беру барысында көптеген сұрақтар туындайды. Қазақ ұлтшылдары кеңестік және кеңес дәуіріне дейінгі кезеңдерде

²⁶ «Қоғамдық-саяси бағытты қазақ тілді сайттардың контент-талдауы» талдамалық баяндамасы, 2013 ж., www.ofstrategy.kz

орын алған маңызды оқиғаларға жаңа көзқараспен қарауды ұсынады. Жоғарыда аталған контент-талдау көрсеткендей, қазақ интернет-кеңістігінде репрессия, ұжымдастыру және орыстандыру саясаты секілді кеңес тарихының трагедиялық беттеріне шамадан тыс назар аударылады. Сана-сезімді отарсыздандыруға шақыра отырып, ұлтшылдар лагерінің өкілдері көпшілік мақұлдаған кеңестік нышандардың (мысалы, Жеңіс күні) құндылығына күмән келтіреді. Тарихтың жаңаша сипатталуын орыс тілді азаматтар қынжыла қабылдайды. Көпшіліктің басым бөлігі үшін кеңестік дәуір жағымды естеліктерге толы, сондықтан оның нышандарын қайта бағамдауға қатысты үндеулер халықтың естеліктеріне қол сұғу ретінде қарастырылады.

3. **Еуразиялық одақ және Путин.** Қазақстанның ең алдымен Кеден одағына, кейін Еуразия одағына интеграциялануы қазақ бұқаралық ақпарат құралдарында Ресейге қарсы риториканың күшеюіне түрткі болды. Шығармашылық зиялылар мен ұлтшыл қоғам қайраткерлері Ресеймен бірігу нәтижелерін ерекше сынмен бағалайды, оны ел тәуелсіздігі үшін тікелей қатер деп есептейді. 2013 жылы В.Путин қазақ тіліндегі қоғамдық-саяси басылымдардың басты жағымсыз бейнесі болған еді²⁷. Аталған жағдай елдегі ұлтаралық қарым-қатынастарға әсер ете ме? Сөзсіз әсер етеді, себебі еуразиялыққа қарсы тақырыбындағы сыни басылымдарда орыс тілді азаматтар «бесінші бағана», яғни Кеңес империясының қайта жаңғыруы үшін құпия немесе айқын жақтастары ретінде беріледі. Осындай стигматизациялау қоғамдағы тілдік белгі бойынша бөліністі күшейтіп, оны саясиландыра түседі.

Қазақ тілді интернет-басылымдардың «қазақ-орыс мәселесі» айналасындағы жағдайды қаншалықты сезімтал қабылдайтыны туралы келесі екі жарияланымнан көруге болады.

Бірінші мақала *«Орыс ұлтшылдарының үндеулері Керекуге дейін жетті» деп аталады²⁸*. Онда Павлодар облысындағы этникаралық қарым-қатынастардың нашарлау мәселесі қозғалады. Атап айтқанда, Павлодар қаласындағы үш жас адамды қамауға алуға қатысты жағдай қарастырылады. Олар «Хайль, Гитлер!» және басқа да фашистік ұрандары үшін ұсталған болатын. Бұл мақалада Украинадан кейін Қазақстандағы жағдайды шиеленістіруге ниетті ресей идеологтарының жоспарланған акциялары болып табылады деген болжам жасалады. Сонымен қатар Павлодар облысында қазақтар мен орыс тілді азаматтардың тұрмыстық деңгейдегі қақтығыстары арасындағы мысалдар да келтіріледі, журналистің пікірі бойынша, олар елімізде шовинистік мінез-құлықтың артуын көрсетеді.

Екінші материал да Павлодар облысында орын алған жағдайға негізделген. *«Бұл жерде жақында Ресей келеді, біздің бәріміз ресейліктер боламыз!»* (abai.kz сайты) атты мақалада дүкен қызметкері мен қазақ тілді тұрғын арасындағы болған жанжалға байланысты президент пен басқа да мемлекеттік органдардың атына жазылған хат жарияланады. Хат авторының айтуынша, орыс тілді сатушы қазақ тілінде қызмет көрсетуден бас тартады, ал сатып алушының талабынан кейін, оған тіл тигізіп, жуық арада Қазақстанды Ресей жаулап алып, оның азаматтарын ресейліктер қылатындығын айтып, қоқан-лоқы көрсетті. Тілдік кемсітушіліктің сорақы мысалына ашынған тұрғын президентті мемлекеттік тілдің заңды құқығын қорғап, өңірдің орыс тілді халқы арасында шовинисттік көзқарастардың таралуын тоқтатуға шақырды.

Бұл екі материал этникаралық қарым-қатынастарға қатысты қазақ тілді интернет-БАҚ жүргізілетін пікірталастардың жалпы реңкін көрсетеді. Қатардағы тұрмыстық жанжалдың бірден саяси астарға ие болғаны қатерлі белгі болып табылады. Сонымен қатар,

²⁷ Сол әдебиетте.

²⁸ Материал 2014 жылдың сәуір айында «Жас Алаш» республикалық басылымында жарияланды. (Кереку – Павлодар өңірінің қазақ атауы).

қақтығыстық жағдайдың орыс тілді халықтың сандық және әлеуметтік-мәдени тұрғысында басымдыққа ие елдің солтүстік өңірінде орын алуы көрнекі мысал болып табылады. Осыған орай соңғы жылдары аталған өңірде басымдылыққа ие орыс тілді халық пен көші-қон үдерістерінің есебінен саны анағұрлым артқан қазақтар арасындағы қарама-қайшылықтың артқаны туралы болжам туындайды.

Сипатталған идеологиялық қарама-қайшылықтар көп жағдайда виртуалды кеңістікке тән екендігін атап өткен жөн, сол себепті оны автоматты түрде жаппай қоғамдық санаға тән құбылыс ретінде қарастыру дұрыс емес. Сауалнама қорытындылары бойынша, халықтың басым көпшілігі тілдік және басқа белгілер бойынша тайталасты жөн көрмейтін центристік көзқарасты ұстанады. Алайда виртуалдық сегменттегі осындай бөліністердің болуы қауіпті алғышарттарды қалыптастырады. Интернеттің даму қарқыны мен әлеуметтік желілер қолданушылары санының артуын (2013 жылғы мәліметтер бойынша Қазақстандағы Facebook қолданушыларының саны 600 мың адам²⁹) ескере отырып, осындай пікірталастарға қатысатын адамдардың саны ұлғаятынын оңай болжауға болады.

Қалыптасқан этносаралық қарым-қатынастар тұрғысынан осы жағдайдың негізгі қаупі неде? Ағымдағы жағдайды ескере отырып, келесі болжамдарды жасауға болады:

Біріншіден, саяси режим әлсірей бастаған кезде, орын алған қарама-қайшылықтардың қоғамдық саяси кеңістікті шарпу қаупі бар. Танымалдылыққа қол жеткізу үшін, саясаткерлер этникалық ұрандарды пайдалана бастайды, бұл қоғамды бөліп, этникаралық қақтығыстарға әкелуі мүмкін (Осыған ұқсас жағдай Қырғызстанда орын алды).

Екіншіден, орталық билік тарапынан бақылау сақталғанына қарамастан, этно-тілдік топтар арасындағы виртуалды жанжал этникаралық қарым-қатынастарды нашарлатуы мүмкін, себебі интернет-кеңістігінде теріс этностереотиптер туындайды. Осы қарым-қатынастардың стереотипизациясының белгілері қазіргі уақытта да бар, бұл жағдайда белгілі бір этно-тілдік топқа атау белгісі бекітіліп, басқа тарапты оны теріс қабылдауына итермелейді («ватниктер», «еуразиялықтар», «укроптар», «фашисттер» және т.б.).

Үшіншіден, Т.Мертонның «өздігінен орын алатын сәуегейліктің» заңдарына сәйкес, виртуалдық салалардағы этникаралық қарым-қатынастардың қақтығыстық сипаты туралы көріністер шынайы адамдардың өміріне оңай көшуі мүмкін. Бұған этникаралық қарым-қатынастардың саласы туралы объективті мәліметтердің жеткіліксіздігі мен ресми ақпарат көздеріне сенімнің төмен деңгейі түрткі болады.

Аталмыш жағдайдың орын алуы, көп жағдайда, Қазақстанның ақпараттық және ақпараттық-саяси салаларының ерекшеліктерімен және сыртқы ықпалға бейімдігімен анықталады.

Бірақ, мәселелердің басым бөлігі этникаралық қарым-қатынастарды реттеу саласындағы мемлекеттік саясаттың есебінен туындайды. Өкінішке орай, соңғы уақытта этникалық мәселелер нақты саяси күн тәртібінен мүлдем шығып қалды. Бұрынғыша негізгі жауапкершілік орын алған қарама-қайшылықтарды тиімді шешу үшін саяси және символикалық тұрғыдан жеткілікті ресурсы жоқ Қазақстан халқы Ассамблеясына жегіледі. Тәуелсіздік кезеңінде басқа пәрменді механизмдер жасалған жоқ.

Этносаралық қарым-қатынастар саласындағы басты саяси ұстаным мен жергілікті билік органдарындағы нақты тәжірибе сәйкес келе бермейтіні тағы бір мәселе болып табылады. Мысал ретінде ел азаматтарының тілдік құқықтарын қамтамасыз ету бойынша билік саясатын қарастыруға болады. Елдегі заңдар ресми ақпарат екі тілде - қазақ және орыс тілдерінде бірдей қолжетімді болатынына кепілдік береді. Бірақ орталық деңгейінде декларацияланатын саясатқа қарамастан, жергілікті билік органдары тарапынан тілдік белгі бойынша азаматтардың құқықтарын шектеу орын алып жатады. Елдің бірқатар

29 <http://centralasiaprogram.org/voices-from-central-asia-no-11-october-2013/>

өңірлерінде Конституцияда қазақ және орыс тілдерінің бірдей мәртебесі көрсетілгенімен, азаматтарға орыс тілінде қызметтерді көрсетуге бас тартатын шенеуніктердің деңгейіндегі этно-тілдік ұлтшылдық жағдайлары байқалады.

Осы жағдай Қазақстандағы этносаралық келісімді қамтамасыз ету бойынша тұтас саясаттың тиімділігіне күмән туғызады. Орыстілді халық арасында елдегі тұрақтылық тек президенттің арқасында қамтамасыз етіледі, егер ол қызметінен кетсе, этникалық және тілдік белгі бойынша кемсітушілік басталады деген пікір кең тараған.

Сыртқы саяси контекстің нашарлауы, қоғамдағы жалпы белгісіздіктің артуы елдегі тілді пайдалану, тарихты бағамдау және тиістіліктер бойынша әлеуметтік қарама-қайшылықтардың өсуіне алып келетіні сөзсіз. Осы жағдайда мемлекеттің міндеті– негізгі этникалық топтар арасындағы шиеленістің эскалациясына жол бермеу болып табылады. Этносаралық ахуалдың нашарлауы қазіргі уақытта орыс халқының белсенді түрде эмиграциясына әкелуі мүмкін, бұл елдің экономикалық әлеуетіне теріс әсер етеді. Осы ретте наразылығы ереуіл толқынын қалыптастыру үшін іргетас бола алатын саясиланған қазақ тілді қоғамның көңіл-күйін елемей орынсыз болады. Осы үдерістер әзірше баяу сипатқа ие, бірақ белгілі бір саяси немесе әлеуметтік-экономикалық шиеленістер туындаған жағдайда, олардың теріс салдарын жоққа шығаруға болмайды.

2.3 Ұлтшылдық және қоғамдағы протестік мобилизация

Елдегі билік пен ұлтшылдық факторы сонымен қатар партиялық кеңістікте және қоғамдық салада әрекеттеседі.

Қазақстанда Тәуелсіздіктің алғашқы кезеңінен бастап билік пен оппозициялық күштер, соның ішінде өздерін қазақ ұлтшылдары деп анықтайтын күштер арасында күрделі қарым-қатынас орнады. Саяси режим ұлтшылдардан қауіптенді және олардың институт ретінде құрылуына жол берген жоқ. Қазақстандық сарапшылар ұлтшылдардың белсенділігі этносаралық келісім мен тұрақтылыққа қауіп ретінде қарастырылатындықтан, елдегі биліктің әлеуметтік-саяси салада ұлтшыл күштерді шеттету бойынша арнайы саясат жүргізетінін атап көрсетеді³⁰.

2011 жылы М.Шаханов бастаған этнобағытталған күштер «Руханият» саяси партиясының негізінде бірігуге тырысты. Бірақ парламенттік сайлауға бір ай бұрын ҚР Орталық сайлау комиссиясы «Руханият» партиялық тізімін тіркеуден бас тарту туралы шешім қабылдады. Ұлтшылдардың ОСК шешіміне қарсылық білдіру талпыныстары нәтижесіз болды – партия Мәжіліс сайлауына қатысудан шеттетілді. (Сауалнамалардың мәліметтері бойынша «Руханият» партиясы басқарушы режимге қауіп төндіретіндей қоғамдық қолдауға ие емес-тұғын³¹)

Қазақстанның ұлтшыл күштері бірнеше рет бірігуге талпынды, бірақ соған қарамастан олардың ұйымдасу деңгейі әлсіз болып қалып отыр. Соңғы рет ұлтшылдар 2013 жылы Кеден одағын құруға қатысты Ресейге қарсы риторикасын күшейте отырып, мобилизацияланды. Алматы қаласында Ұлт өкілдерінің құрылтайы шақырылды, оған Қазақстандағы ұлтшылдық қозғалысының аса белсенді өкілдері болып табылатын 300-ден астам адам қатысты (осындай Құрылтай 2010 жылы да өткізілді). Шарада осы қозғалыс мақсаттары айқындалды, сонымен қатар әлеуметтік, саяси және тіл мәселелерін шешуге қатысты билікке бірқатар талаптар қойылды. Оның ішінде ең негізгілері: Қазақстанның

³⁰ Р.К. Қадыржанов. Этнокультурный символизм и национальная идентичность Казахстана (Қазақстанның этномәдени символизмі және ұлттық сәйкестілігі)/ З.К. Шаукенованың жалпы редакциясы бойынша. – Алматы: ҚР БҒМ ҒК философия, саясаттану және дінтану институты, 2014. – 168 б., 10 б.

³¹ «Стратегия» ӘСЗИ ҚҚ деректері бойынша, партияның танымалдық деңгейі 12-15%, ал оны қолдау деңгейі –1% кем.

Кеден одағына қатысуын тоқтатуы, президенттің жеке тұлғасы табынушылыққа жол бермеу, қазақ тілін қолдану аясын кеңейту, ірі кен орындары мен шетелдік кәсіпорындарды мемлекетке қайтару, банк несиесінің пайыздық мөлшерлемесін төмендету және т.б.

Өкілдер саны мен өңірлерді қамту тұрғысынан алғанд осы Құрылтай этнобағыттағы күштер жұмысында белгілі бір алға жылжушылықтың бар екендігін байқатты, бірақ оның қорытындылары бойынша Қазақстандағы ұлтшылдық қозғалыс өзін-өзі ұйымдастырудың жаңа сапалы деңгейін көрсетті деуге болмайды.

Шағын SWOT-талдауын өткізсек, Қазақстандағы ұлтшылдық қозғалысына тән келесі әлсіз тұстарды анықтауға болады: үйлестіруші орталықтың болмауы, идеологиялық және саяси платформаның айқынсыздығы, талаптардың декларативтік сипаты, әлсіз ұйымдастырушылық және қаржылық мүмкіншіліктер, халықтың мобилизациясы бойынша төмен әлеует, саяси күрес тәжірибесінің жоқтығы (сайлауларға қатысу) және көшбасшылардың танымалдық деңгейінің төмендігі (М.Шахановтан басқа).

Ұлтшылдардың басымдықтары: түрлі ақпараттық ресурстарға ие болу (интернет-сайттар мен газеттер), саяси оқиғалар мен билік шешімдеріне қарсы жедел әрекет ету қабілеті, «алашордалықтардың» символикалық мұрасы («алашордалықтардың ізін басушылар ретінде өзін-өзі танытуы) және қазақ аудиториясы үшін көрнекті тұлғаларды өз қатарына қосу мүмкіндігі.

Ұлтшылдық қозғалысының дамуы келесі жағдайлар (тәуекелдер) себебінен қиын жағдайда жүзеге асырылады: билік тарапынан саяси-әкімшілік шектеулердің қойылуы, бұқаралық ақпарат құралдарын пайдалануға деген шектеулердің болуы, телевизиядағы цензура, жақтастардың азаматтық белсендігінің төмен деңгейі және халық арасында Назарбаев бағытын қолдайтын центристік ұстанымдағы көпшіліктің басым болуы.

Сонымен бірге ұлтшылдардың Қазақстандағы елеулі саяси күшке айналуына келесідей алғышарттар мен мүмкіндіктер бар: перспективалы идеологиялық негіздеме, көпшілікке жақын риторика, елдегі демографиялық және тілдік жағдайды өзгеруі және антиресейлік көңіл-күйдің негізінде халықты мобилизациялау мүмкіндігі (3 қосымша).

Сарапшылардың пікіріне сүйене отырып, қазіргі жағдайда ұлтшылдардың протестік бағытта өзара ұйымдасуы, сонымен қатар стихиялық қозғалыстарды қалыптастыруы екіталай деп болжам жасауға болады. Бірақ, кейбір сарапшылардың ойынша саяси немесе экономикалық қиыншылықтар есебінен жағдай күрт өзгеруі мүмкін. М.Ляруэль Еуразиялық одақ пен жалпы экономикалық дағдарыстың теріс салдары есебінен халықтың өмір сүру деңгейі төмендеген жағдайда проблемалар туындауы әбден мүмкін деп есептейді. Бұл жағдайда, ұлтшылдық ұрандар нақты әлеуметтік-экономикалық талаптармен толығып, ресейлік бағытталған саяси элитаға деген наразылықтың есебінен күшейе түседі. Осылайша бірнеше күшті нарративтердің (отарлауға қарсылық, империализмге қарсылық, қазақ тәуелсіздігін қорғау және экономикалық ұлтшылдық) ортақ бір қарсылық толқынына бірігуі орын алады.

Дегенмен, жоғарыда айтылғандай, ұлтшылдар кейде саяси-идеологиялық тұрғыда мүлде әр түрлі ұстанымдар қолдайтын көптеген тұлғалар мен тұлғалар тобынан тұратын, бірлеспеген және ұйымдастырушылық деңгейі төмен орта болып табылады. Бақылау қорытындылары бойынша олардың ішінде үш топты ажыратуға болады:

1. Ұлтшылдардың **либералдық қанаты** – негізінен қазақ ұлтшылдығы негізінде азаматтық қоғам қалыптастыруды көздейтін қоғам және саяси қайраткерлерінен құралған. Олар белсенді түрде қоғамдық-саяси қызметін жүргізе отырып, елдегі және әлемдегі өзекті мәселелер бойынша өз азаматтық ұстанымдарын ашық білдіреді. Олардың негізгі идеалдары – саяси жүйені демократияландыру және

батыстық үлгі бойынша қоғамды модернизациялау. Өз басылымдарында айқын этнобағытты тұжырымдамаларды білдіруден қашқақтайды және «қазақ ұлты» ұғымына жалпы азаматтық мағына беруге тырысады. Ең көрнекі өкілі –қоғамдық қайраткер, публицист А.Сарым.

2. **Дәстүрлі қанат** – негізінен «кеңестік» шығармашылық зиялылардан – жазушылардан, ақындардан, өнер адамдарынан тұрады. Олардың ұлтшылдығы көп жағдайда қазақ тілін қорғауға, отандық тарихты танымалдандыруға және қазіргі заман қоғамында дәстүрлі мәдениет ролін күшейтуге бағытталған. Қатарының көптігіне байланысты ұлтшылдардың осы өкілдері қазақ тілді ақпараттық кеңістікте негізгі күн тәртібін қалыптастырады. Негізгі идеалдары –дәстүрлі қазақ құндылықтарына ие қоғамды қалыптастыру. Осы топтың басты өкілі ақын М.Шаханов болып табылады.
3. **Діни қанат** – салыстырмалы түрде жақын арада пайда болған және әр түрлі әлеуметтік топ өкілдерінен құралған топ. Ортақ белгісі – қазақтарды Ислам құндылықтары аясында біріктіруге тырысу. Олардың риторикасы дәстүрлік пен діншілдік негізінде жаңа қазақ сәйкестігін қалыптастыруға бағытталған. Интернетте және әлеуметтік желілерде белсенді қызмет жүргізеді. Осы бағыттың жастар арасындағы жақтастары өте көп. Аталмыш қанат көшбасшылары өнер, шығармашылық және журналистика саласының ықпалды тұлғалары болып табылады. Аса көрнекі өкілі – бұрынғы парламент депутаты, дәстүрлі ән орындаушысы Б.Тілеухан.

Қазіргі уақытта аталған белгілер бойынша ұлтшылдардың жіктелуі айқын сипатта емес. Олардың өкілдерінің арасында қайшылықтарға қарағанда, ұқсас тұстары көбірек. Дегенмен, діни және әлеуметтік белгілер бойынша қоғамның поляризациясы артқан сайын осы бағыттар арасындағы айырмашылықтар да арта түседі. Болжам бойынша либералдық қанатқа батыстық өмір сүру стандарттары мен зайырлы құндылықтарға ұмтылатын білімді қазақ жастары қосылады. Дәстүршілердің саны «орыс тілді Қазақстанға» қарсы күрес біріктіретін ауыл жастары мен оралмандар есебінен толыға түседі. Діни құндылықтар негізінде әр түрлі әлеуметтік топтарды біріктіруге қабілетті қазақ ұлтшылдығының діни бағыты айтарлықтай өсім әлеуетіне ие.

Жуыр арада осы бағыттардың қайсысы басымдыққа ие болатыны бірнеше факторларға, соның ішінде идеологиялық жұмыс саласындағы мемлекеттік саясатқа тәуелді болады. Қазіргі уақытта ұлтшылдыққа қатысты билік саясаты этнобағытты күштердің мобилизациялану мүмкіндігіне қарсы негізде құрылады. Осындай ұстаным қазақ ұлтшылдығы идеяларының әсерінен жүріп жатқан күрделі әлеуметтік-мәдени үдерісті, яғни жаңа сәйкестіктердің және қазақ этностығының саяси-идеологиялық нанымдардың қалыптасуы ескерілмейді. Мемлекеттік институттар тым консервативті күйде қалып отыр және бұл идеологиялық ортаға ешбір әсерін тигізбейді деуге болады. Нәтижесінде – бүгінгі күні қазақ ұлтшылдығы дискурсының қалыптасуы ретсіз және болжанбайтын сипатқа ие.

Этносаралық қарым-қатынастар мәселесіне шамадан тыс назар аударып отырып, мемлекеттік саясат ұлтшылдықтың ішкі этникалық келісімге тигізетін әсерін ескермейді. Көп жағдайда, халықтың арасында өзін қазақ ұлтшылы ретінде айқындау орыс тілді қазақпен қарама-қайшы позицияға түсу ретінде қабылданып жатады. Әр түрлі ішкі және сыртқы жағдайлардың әсерінен қазақ этникалық топтың өкілдері арасында жағымсыз айдарлар тағу үдерісі күшейіп, этносшілік төзімсіздік ұлғаюда.

Мысалы, қазақи ортада орыс тілді қазақтарды атау үшін жиі қолданылған «шалақазақ» сөзінің орнына «орысқұл» ұғымының пайдалана бастағанын байқамауға болмайды. Әдетте, бұл сөз ресейлік ұстанымның жақтасы немесе орыстанған ортаның өкілі болып табылатын қазаққа қатысты қолданылады. Тікелей аударма кезінде «орыс құлы» дегенді

білдіріп, өте жағымсыз мағынаға ие. Егер «шалақазақ» сөзі кішіпейілдікті білдіріп, қалжың, мысқыл түрінде болса, «орысқұл» – басқа идеологиялық лагерьдің адамына қақтығысты қарсы қоюды білдіреді.

Басқа қатерлі көрсеткіш – қазақ тілді бұқаралық ақпарат құралдарында ұлтшылдық ой-пікірдің жалпы бағыттылығы. Интернет-БАҚ, сонымен қатар әлеуметтік желілердің контент-талдауы этноұлтшылдықтың, соның ішінде оның жағымсыз нұсқаларының қарқынды дамуын көрсетеді. Қазақтар арасында құрбандық мен жәбірленген ұлттық абырой комплексі жаппай таратылуда. Сыртқы және ішкі жаулардың арасында өмір сүретін, көп зардап шеккен қазақ халқы туралы пікір аса кеңінен таралған. Бұл ретте ұлтшылдықты абсолюттандырау елдегі жағдайды жақсартудың жалғыз мүмкіндігі ретінде қарастырылады.

Сарапшылардың бірі саяси тұрғыдан этноұлтшылдыққа ерекше бой ұратын «қазақ тілді ғалымдардың кандидаттары» феноменінің бар екенін атап өтті. Әдетте, олар *«орыстанған қоғамда «өзінің қазақи миын» қолдана алмайтын»* адамдар болып табылады. Сарапшының пікірі бойынша, қазақ тілді халықтың дәл осы аса білімді бөлігі кейін жалпы көпшілік арасында кең таралатын қазақ ұлтшылдығының аса сыни идеяларын қалыптастырады.

Осы жағымсыз ақпарат ағымында позитивті этникалық мобилизацияға шақыратындар мен өз мысалында қазақ ұлтшылдығының жасампаздық әлеуетін көрсететіндердің дауыстары естілмей қалады. Ұлтшылдық энергиясын ізгі істерге бағыттайтын бірнеше мәдени, білім беру және шығармашылық жобалар жөнінде атап айту қажет. Бұлар әлемдік Уикипедия энциклопедиясының қазақ бөлімін дамыту (Р.Кенжеханұлы), «Мен қазақпын» қазақ тілін оқытуға арналған жоба (Б.Бұхарбай), «Қазақстан барысы» спорттық шоуы (А.Шұраев) және басқа да этникалық мотивтерді заманауи арнаға бұратын және ең бастысы – қазақ ұлтшылдығының жаңа мәдени және идеологиялық мазмұнмен толтырылуына септігін тигізетін басқа да жобалар.

Қазақ ұлтшылдығы тар этно-тілдік контекстінде ғана түсіндірілмеуі тиіс деген Д.Құдайбергенованың пікірімен де келіспеуге болмайды: *«Қазақ тілін білмесе де, оны (орыс тілді қазақты – автордың ескертуі) абай.кз сайтында талқылау жүргізетін адамды толғандыратын тақырыптар (тіл, ұлт дамуы, мәдениет) да толғандырады»*. Зерттеушінің пікірі бойынша, қазіргі уақытта космополит шығармашылық зиялылардың өз қазақ халқының байырғы құндылықтары арқылы өз ойын білдіру тәсілдерін іздей бастады. Оның дәлелі – жыл сайын саны артып отырған әр түрлі көркемөнер шаралары, көрмелер, өнер туындылары, кино.

Жоғарыда берілген талдау қазақ ұлтшылдығының қазақстандық қоғамның әлеуметтік және саяси дамуының маңызды факторы екенін көрсетеді. Алдағы бірнеше жылдарда ұлтшылдық идеологиясы этникалық және мемлекеттік сәйкестіліктің қалыптасуына елеулі әсер етеді, сонымен қатар этно-тілдік топтардың өзара әрекеттестік сипатын айқындайды. Мемлекет деңгейінде осы саяси-идеологиялық құбылысқа деген қарым-қатынастан оның ішкі саяси жағдайға тигізетін әсерінің сипаты байланысты болады.

3. Саясат нұсқалары

Қарастырылып отырған мәселеге қатысты саясаттың нұсқаларын қалыптастыру күрделі міндет болып табылады.

Біріншіден, ұлтшылдық әлеуметтік, мәдени және саяси өмірдің түрлі аспектілерінен көрініс табатын кең ауқымды, әрі күрделі құбылыс болып табылады. Соған байланысты қазақ ұлтшылдығын жекелеген фактор ретінде немесе саясаттың нысаны ретінде бір жақты қарастыру қиынға түседі.

Екіншіден, идеология саласында мемлекеттік саясаттың іске асырылуына жауапты ведомство немесе шешім қабылдау орталығы жоқ. Негізгі идеялар ҚР Президентінің әкімшілігі деңгейінде қалыптастырылады, бірақ олардың әрі қарай іске асырылуы әр түрлі құрылымдар деңгейінде үйлестіріледі.

Үшіншіден, жалпы алғанда, мемлекеттік органдардың тұтас идеологиялық кеңістікті қамтуы және ұлтшылдықтың дамуына тікелей әсер етуіне мүмкіндіктері жоқ. Кез келген идеология секілді, ұлтшылдық та бір орталықтан басқаруға бағына бермейтін субстанция болып табылады. Әсіресе, ақпаратқа монополияға болмаған жағдайда. Бұл жағдайда мәселені шешуге қатысы бар субъектілер, яғни стейкхолдерлер ретінде орталық билік өкілдерімен қатар, «мағына өндіруші корпорация» аталатын шығармашылық адамдарын да (журналисттер, ғалымдар мен қоғамдық қайраткерлерді және т.б.) қарастыруға толық негіз бар.

Дегенмен, қойылған міндеттің күрделілігіне қарамастан, зерттеліп отырған мәселені шешу үшін негізгі тәсілдемелерді белгілеу маңызды болып табылады. Бұл ретте саясат нұсқаларының нәтижелілігінің басты көрсеткіштері ретінде келесі өлшемдер/индикаторларды негізге алу қажет:

- **Қоғамды шоғырландыру.** Ортақ сәйкестілік, ортақ құндылықтар мен идеалдар негізінде қоғамның интеграциялану сипатын көрсететін өлшем.
- **Азаматтық құқықтардың сақталуы.** Мемлекеттік органдардың ҚР заңнамасында қарастырылған азаматтық құқықтарды сақталуы.
- **Елдің модернизациясы.** Мемлекет пен қоғамның прогреске, демократия мен батыстық өмір сүру стандарттарына жетуге деген талпынысы.

№1 балама. Екіжүзді стандарттар (статус-кво)

Статус-кво ұлтшылдық факторы қауіп көзі ретінде қарастырылатын, ал этносаралық қарым-қатынастардың тұрақтылығы әкімшілік немесе күштеу әдістерімен қол жеткізілетін қазіргі мемлекеттік саясатты консервациялауды білдіреді. Ұлт құрылысы саласында бұрынғыша түрлі этникалық топтардың мүдделері арасында қауіпті балансты сақтау саясаты жүргізіле беретін болады, яғни қазақтар мен этникалық азшыл топтарға түрлі күн тәртіптері мен түрлі өмірлік ұстанымдар ұсынылады. Этнобағытты күштер қоғамдық-саяси өмірдің перифериясында қалады және олардың өзін-өзі ұйымдастыру талпыныстары әрі қарай да тойтарылатын болады.

Қысқа мерзімді болашақта бұл стратегияның тиімділігіне шүбә жоқ, себебі бұл кезде жағдайды тұрақсыздандыратын қандай да бір шұғыл әрекеттерге бармай, оны бақылау мүмкіндігі сақталады. Популистік ұрандардың, сонымен қатар репрессивтік әдістердің көмегімен айтарлықтай ұзақ уақыт бойы қоғамдық пікірді манипуляциялауға болады.

Дегенмен мұндай саясат ұзақ мерзімді жоспарлау тұрғысынан алғанда тиімді деп тануға келмейді. Кез келген саяси немесе экономикалық тұрақсыздық тұтас ұлт құрылысының құрылымы мен этникаралық қарым-қатынастар саласында тәуекелдерді басқару жүйесіне қауіп төндіре алады.

Қоғамның этно-тілдік сараланымы артқан сайын халықтың қазақ тілді және орыс тілді бөлігінің арасында балансты сақтау күннен-күнге қиынға түседі. «Ойын ережелерін» нақты белгілемей, әр тарапқа ұнамды көріну ниеті биліктің сенімсіздігінің белгісі болып табылады және жалпы бағдарсыздықты күшейтеді. Н.Назарбаевқа ниеттестік аясында шоғырлану – азаматтық пікірлестіктің әлсіз негіздемесі болып табылады. Қазіргі саяси режим тұрақтылық кепілі бола алады, ал саяси элитаның келесі толқыны тұтас Қазақстан халқының атынан сөз сөйлеуге мүмкіндік беретін моральдық және символикалық ресурсқа ие бола алмайды. Жаңа басшылық тіл саясаты мен идеология саласында қандай да бір айқын ұстанымды қабылдауға мәжбүр болады.

Сондай-ақ этносаралық келісімді саяси-идеологиялық тұғырнама ретінде шамадан тыс абсолюттандыру да қиыншылықтарға алып келеді. «Қазақ жеріндегі ұлттар достастығы» идеясына шамадан тыс бағдарлану түрлі этностар арасындағы қарым-қатынастары кезінде туындайтын мәселелерді дер кезінде айқындалуына бөгет болады. Түрлі этнос өкілдері немесе солтүстік облыс тұрғындары мен оралман қазақтар қарым-қатынасындағы қиындықтарды талқылаудың орнына билік органдары Қазақстанның ұлттық саясат саласындағы жеткен жетістіктеріне арналған дөңгелек үстелдер мен конференциялар ұйымдастыра беретін болады. Осылайша, мұндағы басты мәселе этносаралық қатынастар саласындағы нақты саясатты көзбояушылықтың үлгісі болып табылатын пропаганда мен мәдени-жаппай жұмыстарымен алмастыру болып табылады.

Биліктің этнобағытталған қозғалыстарға қатысты саясаты да осы орайда тиімсіз жүзеге асырылады. Ұлтшылдарды саяси күш ретінде жоққа шығарып, абыройын төмендету осы ортаның радикалдануына алып келеді. Алдыңғы парламенттік сайлау тәжірибесі қазақстандық қоғамды конструктивті арнада ұйымдастыра алатын басты баламалы идеология бұл этникалық ұлтшылдық екендігін көрсетеді. 2004 жылы жұмсақ түрде қарсылық білдіру стратегиясын ұстана отырып, сонымен қатар өзін-өзі қазақ партиясы ретінде таныту арқылы «Ақ жол» партиясы 12% дауыс жинады³². Кейін бұл партия үшін қазақ өңірлерінің (Қызылорда, Маңғыстау, Атырау облыстары) дауыс бергені анықталды. Қазақ қоғамының саясиландырылған бөлігінің мүдделерін ескермесе, билік баяу әрекет ететін минаны қойғандай іспеттес. Саяси күрес тәжірибесі, сонымен қатар легитимдік кеңістікте жұмыс тәжірибесінің жоқтығы жағдайында этнобағытталған күштер одан әрі маргиналдана түседі, ал бұл өз кезегінде олардың келешекте деструктивтік арнада ұйымдасуына алып әкеледі.

Қазақ тілді дискурспен жүйелі жұмыстың жүргізілмеуі және тарихтың көлеңкелі тұстарын ашық талқылауға ниеттің болмауы қазақ ұлтшылдығын қалыптасқан саяси жүйеге қатысты қарсы тұрушы идеологияға айналдырады. Ұлтшылдар қатарына әлеуметтік аутсайдерлер, яғни біліктілігі төмен, өмір сүру жағдайлары нашар және конструктивті түрде қарсылық білдіруге үйренбеген адамдар қосылады. Радикалды риториканы ұстанатын лидерлер олардың идеалдарына айналады. Бұл ұлтшылдықты қандай да бір интеллектуалды мазмұннан ада, популистік ұрандар мен экстремистік идеялардың жиынтығына айналдырады. Осындай сценарий кезінде қазақ ұлтшылдығы өзінің модернизациялық қарымын жоғалтады. Бұл тек шағын топтың мүддесін қорғауға және «бөтендермен» күресуге бағытталған идеологияға айналады.

³² Ресми деректер бойынша. «Ақжолдықтар» сайлау қорытындыларымен келіспей, сайлауға қарсы бойкот жариялады (А.Бәйменовтен басқа).

№ 2 балама. Этноұлтшылдық (радикалдық реформа)

Қарастырылып отырған саясаттың радикалды нұсқасы болып ұлт құрылысында қандай да бір этникалық компонентті толық теріске шығарумен қатар, сондай-ақ оны гиперболизациялау да қарастырылуы мүмкін. Қалыптасқан жағдайларды ескере отырып, Қазақстан екінші сценарий бойынша дамуы ықтималдылығы жоғары, яғни бірқатар посткеңестік елдер секілді азаматтық модельден этноұлтшылдық мемлекет моделіне көшуі. Саясаттың осы нұсқасы Назарбаевтан кейінгі кезеңде сұранысқа ие болуы мүмкін. Сарапшылардың пікірінше Қазақстанның келесі саяси элитасы үшін ұлтшылдық елеулі сынға айналады, себебі этнобағытталған риторика елдің жаңа билігіне азаматтарды саяси мобилизацияға қол жеткізуге қолғабыс етеді және оның халық алдында легитимділігін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Этноұлтшыл жоба қоғамдық өмірдің барлық салаларының радикалды түрде қазақтануын, яғни қазақ тілінің жаппай енгізілуін, көптілді білім беру жүйесінен біртүлді білім беру жүйесіне көшу, кеңес дәуіріндегі нышандардан бас тарту және тиісті тарих саясатының жүргізілуін білдіреді. Этноұлтшылдық экономика және сыртқы саясат саласында жаңа ұстанымдарды белгілейді. Ресеймен интеграциялық жобалардан бас тартылады, шетелдік инвесторлармен келісім-шарттар қайта қарастырылады.

Осындай саясаттың арқасында елдің жаңа басшылығы қазақ қоғамының этнобағытталған топтарының қолдауына ие болады. Ұлтшыл партиялар елдің қоғамдық-саяси өмірінде маңызды рөл атқарады. Халықтың қазақ бөлігінің жекелеген этно-мәдени міндеттерді шешу үшін мобилизациялануы мүмкін.

Дегенмен, тұтас қоғам деңгейінде саяси режим шоғырландырушы функциясынан айырылады, себебі азшылық ұлттар оппозицияға көшеді. Нәтижесінде қоғамдық келісімді сақтау тұрғысында күрделі қиыншылықтар туындайды. Осы сценарийдің ең ықтималды салдары орыс халқының елден көшуі, сонымен қатар этникалық белгі бойынша қақтығыстарды артуы болады. Саяси ортаның қазақ тілді, сонымен қатар орыс тілді сегментінде антагонистік қозғалыстардың пайда болуы ықтималдылығы да жоғары.

Осындай саясат барысында азаматтардың құқықтарының тең болуы екіталай екендігі сөзсіз, себебі орыс тілді халық мемлекеттік қызметтерді орыс тілдерінде алу мүмкіндігінен айырылады. Осы себептен Қазақстан мен Ресейдің қарым-қатынастарының нашарлайтыны да ықтимал.

№3 балама. Смарт-ұлтшылдық немесе мәдени ұлтшылдық (шағын реформа)

Реализация этого варианта предполагает коррекцию государственной политики в сфере нациестроительства, межэтнических отношений и общественного сектора с учетом фактора казахского национализма³³.

Осы нұсқаны іске асыру қазақ ұлтшылдығы факторын ескере отырып, ұлт құрылысы, этносаралық қарым-қатынастар мен қоғамдық сектор саласындағы мемлекеттік саясатқа түзетулер енгізілу арқылы жүзеге асады³⁴.

Бұл сценарийдің бірінші сценарийден басты айырмашылығы - мемлекеттік саясаттың қазақ ұлтшылдығы факторына қатысты ұстанымының өзгеруі болып табылады. Мұндай саясатты жүргізу кезінде ол (қазақ ұлтшылдығы) саяси режимге қауіп-қатер немесе жағымсыз әсер етуші факторы ретінде емес, азаматтық ұлтты құрастыру бойынша «материал» ретінде қарастырылады.

Смарт-ұлтшылдық елдегі әлеуметтік-мәдени ландшафтың өзгеруі (қала кеңістігінің қазақтануы, Тәуелсіздік ұрпағының өсуі) мемлекеттік саясатқа берілетін өзіндік жауап болып табылады. Қазақ халқының артқан үміттерін қанағаттандыру үшін ұлт құрылысының жаңа моделі ұсынылады, оның құрамында этникалық компонент анағұрлым артады. Бұл ретте азаматтық сипаттағы ұлт құру бағыты міндетті түрде сақталады. Азаматтық «қазақ ұлты» туралы ұғымның кең қолданысқа енуі қазақтар арасында қолдау табуына тікелей байланысты, сол арқылы оның жаңа мағынасы жалпы қоғамда да өз орнын табады.

Осы нұсқаның ерекшелігі саяси элитаның деңгейінде және халық арасында Қазақстанның мультимәдениетті қоғам жөніндегі түсінігі нығайтыла бастайды. Этно-мәдени гомогенизациясына талпыныс (оған кез келген этноұлтшылдыққа бағытталады) сәтсіздікке ұшырайды немесе теріс салдарға әкеледі. Смарт-ұлтшылдық азшылық ұлттардың құқықтары мен үміттерін мейлінше ескереді. Әсіресе орыс тілді халық үшін тілдік құқықтарына кепілдік беруге ерекше көңіл бөлінеді.

Осындай саясат жаңа мәдени мазмұны бар азаматтық ұлтты қалыптастыруды білдіреді. Саяси-идеологиялық тұжырым қазақ мәдени компоненттерінің негізінде жаңа азаматтық сәйкестілікті құрылымдауға бағытталған болады. Мәдени компонент бүгінгі күні қазақ дискурсында ұсынылған құндылықтар мен мән-мағыналар есебінен үйлесімнің болуын талап етіледі.

Осы нұсқаның маңызды артықшылығы қазақ әлеуметінің белсенді бөлігі үшін жағымды мобилизациялану мүмкіндігі болып табылады. Тірек топтардың бірі қазақ, орыс және ағылшын тілдерін меңгерген білімді жастар бола алады. Олардың қарымы жемқорлық, білім беру мен медицинаның төмен деңгейі, қарым-қатынастар архаизациясы және т.б. секілді қоғамның көкейкесті мәселелерін шешуге бағытталады. Осындай тәсілдеме кезінде этнобағытталған күштер легитимді және бәсекелі ортада жұмыс істей алатындай, оларды саяси үдерістің толық құқықты қатысушыларына айналдыру мүмкіндігі бар. Бұл оны одан әрі шектелуін болдырмауға, сонымен қатар қазақ ортасында қарсылық әрекеттердің күшеюін ескертуге көмек береді.

³⁴ Қазақ этно-тілдік қауымдастығының мүдделерін бірінші орынға шығаратын баламалы саяси-идеологиялық тұжырым

Қорытындылар мен ұсынымдар

Соңғы жылдары қазақ ұлтшылдығы қоғамдық және саяси өмірдің маңызды факторына айналды. Кең мағынасында алғанда оны елдегі қазақ хақының елеулі бөлігіне тән, саяси-идеологиялық наным-сенімдер мен көзқарастар жиынтығы ретінде анықтауға болады. Негізінен, мұндай көзқарас санасы этнизацияланған халыққа тән. Қала кеңістігі қазақтанған сайын, Қазақстандағы дәл осы қоғам бөлігінің әсері анағұрлым артты. Әлеуметтік-мәдени тұрғыда қазақилану үрдісі күнделікті өмірде қазақ тілі, мәдениеті мен дәстүрлері рөлінің артуы арқылы көрініс табады. Қоғамдық-саяси тұрғыда бұл ұлтшылдық көзқарастардың күшеюімен, этнобағытталған күштердің мобилизациялануымен және этникалық астарға ие әр түрлі әлеуметтік қақтығыстар санының артуы арқылы білінеді.

Қазақ ұлтшылдығының саяси-идеологиялық доктрина ретінде қалыптасуы аяқталмаған сипатқа ие. Үздіксіз зияткерлік дәстүр жоқ, ал ұлтшылдар ортасы көзқарастары айтарлықтай өзгешеленетін әр түрлі топтардан тұрады. Қазақ ұлтшылдығының одан әрі дамуына негіздеме болатын үш негізгі саяси-идеологиялық платформалар ажыратылады: дәстүрлік, либералдық және діни ұлтшылдық. Әр бағыттың өзіндік даму мақсаты бар және әр түрлі әлеуметтік топтардың мүдделерін білдіре алады. Осы бағыттардың қайсысы басым болатыны әзірге белгісіз, бірақ қазіргі уақытта діни ұлтшылдықтың күшеюі үшін орасан қарымның бар екені анық. Либералды ұлтшылдық саяси режимнің қолдауымен дами алады.

Қазақстанда қазақ ұлтшылдығы факторына қатысты билік саясаты бірізділікке ие емес. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында елдегі билік этникалық сана-сезім мен оның нышандары арқылы ұлтшылдықтың мобилизацияланушы мүмкіндігін кеңінен пайдаланды. Жалпы алғанда, елдің саяси басшылығы тарапынан этникалық сәйкестілікке қатысты күшті рефлексия 2000-шы жылдарға дейін байқалды. Одан кейін, елдегі президент билігі нығайған сайын, сонымен қатар жалпы әлеуметтік-экономикалық жағдай жақсартылғаннан кейін, саясат пен қазақ ұлтшылдығы факторының арасындағы байланыс анағұрлым әлсіреді.

Өздерін ұлтшылдар ретінде айқындайтын этнобағытты күштер немесе қоғамдық қайраткерлерге қатысты саясат азды-көпті қалыптасқан болып есептеледі. Кеңестік дәстүр бойынша олар тұрақтылық пен ел дамуына қауіп төндіретін қатерлі күш ретінде қарастырылады. Ресурстар мен институттық мүмкіндіктер тұрасында этнобағытты күштер билік үшін бәсекелес бола алмайды, бірақ олардың өзін-өзі ұйымдастыруға деген талпынысы билеуші режимнің тарапынан елеулі қарсылыққа тап болды. (Саяси билік өкілдерінің ұлтшылдарға құпия түрде жүгінетіні жөніндегі конспирологиялық нұсқалар ескерілмейді).

Нәтижесінде, қоғамдағы ұлтшылдық бағыттағы көңіл-күйді артикуляциялау мәселеге айналды, ал этнобағытты қозғалыстардың көшбасшылары саяси саладан шеттетілді.

Осыған байланысты қазақ ұлтшылдығының қазіргі дискурсы күннен-күнге саяси режимге қарсы оппозициялық сипатқа ие болуда. Талдау көрсеткендей, ұлтшылдықтың барлық негізгі нарративтері ішкі және сыртқы саясат саласындағы биліктің әрекеттерін сынға алуға бағытталған. Елдегі экономикалық жағдайдың нашарлауынан қоғамдағы ұлтшылдық сипаттағы көңіл-күйлер айтарлықтай күшеюі мүмкін. Еуразиялық одақтың құрылуына байланысты қазақ ұлтшылдығы саяси-экономикалық және әлеуметтік-мәдени салада Ресейдің ықпалының күшеюіне қарсылық білдіруші қозғалыс ретінде дамиды деуге барлық негіз бар.

Қазақ ұлтшылдығы факторының ең алдымен ұлт құрылысы саясатында ескерілуі талап етіледі. Тәуелсіздіктің алғашқы күндерінен бастап билік жүзеге асыратын гибриді сәйкестілік моделі халықты ұйыстыру потенциалын тауысты. Көпшілік арасында,

сонымен қатар элита арасында «қазақстандық ұлтты» қалыптастыру бойынша таңдалған курсқа деген сенім жоқ. Сарапшылар қауымы шынайы өмірден алшақтығы мен қарама-қайшы қағидаларға негізделуіне байланысты қолданыстағы моделді сынға алды. Халық азаматтық ұлт туралы риториканы біріктіруші әлеуметтік-мәдени негізден гөрі, мемлекеттік насихаттың ажырамас бөлігі ретінде қабылдайды.

Этникаралық қарым-қатынастар саласында билік қазақ ұлтшылдығы факторын тек тұрақсыздандыру факторы ретінде түсіндіреді. Ұлтаралық келісім мәселесінің шамадан тыс саясиландырылуы себебінен қоғамда қажетсіз дүрлігу орын алады. Осы саладағы мәселелерді жария етпеу бойынша саясат ұзақ мерзімді болашақта теріс салдарға әкеп соқтырады. Қазірдің өзінде қазақи ортада миноритарлық этникалық топтарға қарсы бағытталған агрессивті ұлтшылдықтың көріністерін байқауға болады.

Соңғы жылдары қазақ ұлтшылдығының идеологиясы тар шеңберлі этникалық дискурспен шектеліп қалды, ал мемлекет осы қоғамдық сегментке деген өзінің реттеуші ықпалын жоғалтты. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында саяси элитаның тарапынан қазақ ұлтшылдығына қатысты елеулі рефлексия жүзеге асырылса, қазіргі уақытта бұл тақырыптар қоғамдық саланың перифериясына ысырылды. Нәтижесінде, шектеулі ортада жетіліп піскен этникалық сана-сезім көптеген деструктивтік және «құбыжық» мағыналар мен идеологемаларды дүниеге әкелді (мысалы, өткен күнгі криминалдық беделді тұлғаларды идеалдандыру, ұлттық ар-намыстың шамадан тыс сезімтал болуы, этнократияға талпыныс және т.б.). Қазақ ұлтшылдығының осы «зияткерлік» өніммен теңдестірілуі қоғамның оны қабылдамауының негізгі себептерінің бірі болды, және қазақ ұлтшылдығының жасампаз қыры ескерусіз қалды.

Саяси элита мен жекелеген зияткерлер тарапынан біріктіруші және инклюзивті ұлтшылдыққа деген талпыныс декларацияланады, ал шынайы өмірде қазақ ұлтшылдығы оқшауланған құбылысқа айналды. Ағымдағы жағдайда ұлтшылдық ой көп жағдайда қан тазалығын сақтау және басқа этникалық топтармен араласуға жол бермеу секілді мәселелер турасында қам жеуі осы жағдайдың көрнекі мысалы болып табылады. Осы жағдайда этникалық топтардың қазақ әлеуметтік-мәдени ортасына интеграциялануға дайын болмауы ғана емес, қазақ сәйкестілігінің азаматтық интеграция үшін негіз болуға қабілетсіздігі негізгі мәселе болып табылады.

Ұсынымдар:


1. Ең алдымен, қазақ ұлтшылдығы мәселесін баспасөзде, телевизияда және зияткерлік алаңда кеңінен талқылауды бастау ұсынылады. Балама пікірлердің естілуі маңызды болып табылады, олардың негізінде Қазақстандағы ұлтшылдық мәселесіне қатысты әр түрлі әлеуметтік және саяси топтарындағы әр түлі көзқарастар бойынша түйісу нүктелерін анықтауға болады.
2. Зерттеушілер мен ғалымдардың көмегімен саяси-ұлтшылдық құбылыс ретінде қазақ ұлтшылдығының рөліне қайта мағына беру бойынша жұмысты жүргізу маңызды болып табылады. Бұл ретте, ұлт құрылысы мәселелерін талқылау кезінде саясаткерлер мен сарапшылар басшылыққа алатын саяси-басқару санаттарының жиынтығы сыни тұрғыдан талдануы тиіс. Бұл әсіресе қоғамдық саясат саласында, сонымен қатар сарапшылар ортасында бірізді емес және қарама-қайшы түсіндірілетін ұғымдарға: «мемлекет құрушы этнос», «титулдық ұлт», «диаспора және т.б. қатысты жүзеге асырылуы қажет.
3. Қазақ ұлтшылдығы тақырыбындағы қоғамдық пікірталастардың басты міндеттердің бірі – этникалық дискурстың модернизациясы. Зияткерлік элита қазақи ортада басымдыққа ие ұлттық болмыс пен мәдениет туралы изоляционистік және архаикалық ұстанымдарды ығыстыра алатын прогрессивті тұжырымдамалар

мен идеологемдерді ұсыну қажет. Сол арқылы саясаткерлер мен зияткерлердің күшімен жаңа, өз бойында дәстүрлер мен инновацияны үйлестіретін қазақ ұлтшылдығының модернистік бейнесін құрылымдауы тиіс. Қоғамдық санада дәстүрлер мен модернизм, этникалық пен азаматтылықтың қарама-қайшылықтарын еңсеруге қабілетті жаңа тұжырым ретіндегі мәдени ұлтшылдықтың мәні осыған саяды.


4. Этносаралық қарым-қатынастар саласындағы саясатқа түзетулер енгізілуі қажет. Саналы түрде этносаясаттан бас тарту тактикасы тиімсіз болып табылады. Мемлекет деңгейінде этносаралық қарама-қайшылықтарды шешу үшін қолданылатын тәсілдемелер мен құралдардың ревизиясы жүргізілуі керек.
5. Тілдік және этникалық белгі бойынша азамат құқықтарының кемсітілуіне жол бермеу керек. Мемлекет деңгейінде, Қазақстан орыс тілді азаматтардың құқықтары мүлтіксіз сақталатын ел болып қалатыны туралы айқын белгі берілуі тиіс. Бұл ретте қазақ тілін үйретудің қолжетімділігін арттыру бойынша саясат жүзеге асырылуы жалғасын табуы қажет. Тілтану және оқыту саласында әр түрлі азаматтық бастамаларға кеңінен қолдау көрсетілуі тиіс. Сонымен қатар мемлекеттік органдар тарапынан мемлекеттік тілді оқытатын аудио және бейнекурстарды танымалдандыру бойынша қосымша шаралардың жүзеге асырылуы талап етіледі.
6. Қазақ ұлтшылдығын мәдени концепт ретінде дамытылуына ерекше көңіл бөлу қажет. Көркем фильмдер және деректі фильмдер, сонымен қатар театр қойылымдары арқылы қазақ сәйкестілігін нығайту және тарихи сана-сезімді жаңғырту қажет. Халық сана-сезімінің орасан зор мәдени қорын танымалдандыру қажет. Бұл ретте, пропагандалық қалыптан бас тарту қажет, креативті идеялардың берілуі керек. Бұл көпшілік пен азаматтық қоғамды тарту арқылы ғана жүзеге аса алады. Белсенді азаматтардың күшімен халықты қазақ ұлтшылдығының қайта жаңғыртылған сипаты негізінде біріктіретін жаңа мәдени символдар мен образдарды қалыптастыру қажет.

Қосымшалар

1 қосымша. Халықтың жалпы саны мен қала тұрғындарының арасында қазақ этносы үлесінің өзгеруі (ҚР Статистика агенттігінің деректері бойынша), %



2 қосымша. 1990 жылдан 2014 жылға дейінгі аралықта оқыту тілі бойынша жалпы білім беру мектептерінің оқушылар санының динамикасы (ҚР Статистика Агенттігінің мәліметтері бойынша), %



3 қосымша. Қазақ этнобағытты күштерінің саяси қарымының SWOT-талдауы

Әлсіз жақтары	Күшті жақтары
<ul style="list-style-type: none"> – Үйлестіруші орталықтың жоқтығы – Әлсіз ұйымдастырушылық және қаржылық 	<ul style="list-style-type: none"> – Ақпараттық инфрақұрылым – қазақ тілді сайттар, газеттер

<p>мүмкіндіктері</p> <ul style="list-style-type: none"> – Көпшілік мобилизациясы бойынша төмен деңгейлі қарым – Саяси күрес тәжірибесінің болмауы (сайлауға қатысу) – Көшбасшылардың танымалдық деңгейінің төмендігі (М.Шахановтан басқа) – Идеологиялық және саяси платформасының айқынсыздығы – Жастардың олардың қызметіне әлсіз тартылуы 	<ul style="list-style-type: none"> – Саяси оқиғаларға, билік шешімдеріне жедел әрекет ету – «Алашордалықтардың» символикалық мұрасы – Өз қатарына қазақ аудиториясы үшін көрнекті тұлғаларды қосу мүмкіндігі
Тәуекелдер	Мүмкіндіктері
<ul style="list-style-type: none"> – Билік тарапынан саяси –әкімшілік шектеулер – БАҚ шектелген қолжетімділік, телевизиядағы цензура – Халықтың саяси мәдениетінің төмен деңгейі – Халық арасында Назарбаев бағытын қолдайтын орталықшыл көпшіліктің басымдыққа ие болуы 	<ul style="list-style-type: none"> – Саяси идеология ретінде келешек тауашасы – Көпшілік үшін тартымды риторика – Елдегі демографиялық және тілдік жағдайдың өзгеруі – Ресейге қарсы мінез-құлықтар негізінде мобилизациялау мүмкіндігі

4 қосымша. Қазақ жастарының этносәйкестендіру белгілерінің талдауы (берілген тақырып бойынша шығармаларды өңдеу қорытындылары бойынша)

	Эксклюзивтік	Инклюзивтік
Қан туыстық қарым-қатынастар	+	-
Аймаққа, жерге деген сүйіспеншілік	+	-
Мәдени және ділдік ерекшеліктер	+	-
Елге деген сүйіспеншілік	+	+
Дәстүрлер, киім-кешек, ән-күй, тағам	+	-
Қазақ тілі	+	+
Ислам	+	+/-